Завершить урок можно, применив такие методы, как «Ромашка», «Две звезды и пожелание», «Письмо самому себе», «Рефлексивный экран», «Итоговый круг», «Что я почти забыл?», «Ресторан», «Комплименты».

У каждой методики есть свои плюсы и минусы.

+ Активные методы обучения помогают:

- АМО формируют положительную учебную мотивацию;
- повышают познавательную активность обучающихся;
- активно вовлекают всех школьников в образовательный процесс;
- стимулируют самостоятельную деятельность;
- помогают эффективно усваивать большой объем учебной информации;
- развивают творческие способности, нестандартность мышления, коммуникативно-эмоциональную сферу обучающегося;
- Активные методы обучения имеют недостатки.

Дети начальной школы имеют свои особенности, поэтому:

- Дети не могут совладать со своими эмоциями, следовательно, на уроках создаётся вполне допустимый рабочий шум при обсуждении проблем.
- Для некоторых участников работа в команде с использованием активных методов - только способ ничего не делать.

Методы лучше вводить постепенно, воспитывая у учащихся культуру дискуссии и сотрудничества;

Применять данные методики не обязательно все на каждом или на одном уроке.

Уроки с использованием активных методов обучения интересны не только для учащихся, но и для учителей. Но бессистемное, непродуманное их использование не дает хороших результатов. Поэтому очень важно активно разрабатывать и внедрять в урок активные методы в соответствии с индивидуальными особенностями своего класса.

Мир активных методов обучения яркий, удивительный, многогранный. В нем комфортно чувствуют себя и учителя, и ученики. Войдите в этот мир и станьте его полноправным хозяином. Откройте для себя его тайны и возможности, научитесь управлять его мощным потенциалом, сделайте свою работу намного интереснее и эффективнее, а своих учеников благодарными, успешными и счастливыми.

Жаңартылған білім мазмұны – жаңашылдыққа бастама

Төлегенова А.Т. №18 ОМ

Болашақтың білімді болуына аса көңіл бөліп отырған Елбасымыздың да қосар үлесін айтып жеткізу мүмкін емес. Қазіргі заман білімділердің алға түсіп, болашаққа нық қадаммен жақсы өмір сүруге жол ашып, бәйгеден озып отырғандығы белгілі болып тұр. Елбасымыздың дамыған 30 елдің қатарына ену туралы міндетін қойғаны да бекер емес еді. Бұл дегені еліміздің білім деңгейін көтеруді қолға алып отырғандығы. Дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім алу керектігін қолға алуды тапсырды. Сол үшін білім саласына көптеген мақсат-мүдделер, талаптар қойып отырды. Соның қатарына біздің бүгінгі ұрпақтарымыздың «Жаңартылған білім мазмұны» бойынша білім алуын бәріңіз де біліп отырсыздар. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың биылғы жылы «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміздің дамуына барлық мақсат міндеттер қойылды. Даму мақсатында жаңартылған білім алу бойынша жұмыс жасалып жатыр. Қазіргі күнде мұғалімдердің алдындағы міндеті болып: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушылардың білімі терең, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы, білімді тұлғаны қалыптастыру. Бұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденумен кәсіби білікті болуы тиіс болып тұр. [2]

Инновациялық білім алуда оқушылардың өз бетінше әрекет ету арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді.

Осыған орай қазіргі кезде еліміздің барлық жерлерінде жаңартылған білім беру мазмұнында педагогтардың білім алуына бірталай жұмыстар жасалуда. Мұғалімдер де жаңа бағдарлама бойынша білім алуда. Биылғы жылда 1-2-5-7 сынып оқушылары жаңартылған білім бойынша білім алуда. Бұл бағдарламада оқушыларға тапсырмалар беріледі. Оқушылар өз бетінше жұмыс істеп, ізденіп отырады. Мұғалім тек бағыт бағдар беріп отырады. Бұл дегеніміз баланың өз бетінше ізденуге, жұмыс істеуге, топпен, жұптасып, бірлесіп жұмыс істеуге тәрбиелеу. Баланың білім алуы мен меңгергенін әр бөлім соңында бөлім бойынша жиынтық бағалауда белгілі болады. Өздеріңіз оның рубрикасымен танысып отырсыздар. БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын орындауында қай жерде қателіктер жібергендігімен танысып отырсыздар. Мұғалімдер сол тапсырмалар бойынша түсінік беріп отыруда. Күнделікті сабақта оқушылар өз ойларын толық жеткізулерін мұғалімдер тексеріп, қарағалап, бақылап отырады. Сонымен қатар топтық жұмыста бірлесіп, топтасып жұмыс істеуде оқушылар бір-бірін тыңдап, ойын бөлісіп, өз пікірлерін айтуға, ортақ пікірге келуге, достасуға, ынтымақтасуға үлес қосып, соған тәрбиелейді. [1]

Сонымен қатар, бұл сабақта күрделіліктер де бар. Бірақ оқушылардың бұл білімді меңгергендігін тексеру оңай. Оны БЖБ, ТЖБ-дан білімнің нәтиесінен білуге болады. Біз қазіргі күнде 1-сынып оқып жүргенде 2-сыныптың тапсырмаларын, 2-сыныпта 3-сыныптың тапсырмаларын орындап, 1 саты алда келе жатқанымыз белгілі. Сабақта оқушылардың белсенділігі де жоғары. Топтық жұмыс жасаймыз дегенде қуана бірлесе кететіндері қуантады. Оқушылардың бір-біріне көмектесіп, түсінбегенін түсіндіріп, бірлесіп жұмыс жасап отырғандарын көріп қуанасың.

Бұл бағдарламадағы ең маңыздысы үштілділікті қолға алу, ақпараттық -коммуникациялық технологияларды қолдана алуына аса көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, электронды журнал, электронды күнделікпен жұмыс істеп, үй тапсырмаларына аз ғана уақытта орындайтын тапсырмаларды беру болып отыр. Тағы да айта кететіні оқушылардың бағалануы туралы. Оларды мақтау, мадақтау сөздер арқылы бағалау. Мысалы: «Өте жақсы!», «Керемет!», «Жарайсың!», «Тамаша!», «Жақсы».

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен

бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. [3]

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Әдебиеттер.

1. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
3. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы Астана 2016
4. «Ақтөбе ұстазы» газеті №3, 4, 2018 жыл

Обновление содержания образования - влечение времени

Серикова И.Я. СШ №22

Наша развивающаяся республика всё более уверенно заявляющая о себе на международном уровне не может оставаться в стороне от влияния этих тенденций. Одной из актуальных проблем нашего общества является формирование конкурентоспособной личности, готовой не только жить в меняющихся социальных и экономических условиях, но и активно влиять на существующую действительность, изменяя ее к лучшему. В связи с этим мы учителя выполняя заказ общества должны в стенах школы подготовить выпускника с

набором таких качеств как - креативность, социальная ответственность, обладание развитым интеллектом, высокий уровень профессиональной грамотности, устойчивая мотивация познавательной деятельности.

В современном Казахстане идет становление новой системы образования, ориентированной на мировое образовательное пространство. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в педагогической теории и практике.

Нужны ли новые образовательные программы для современных школ? Как перестроиться на новую волну рядовому учителю? На сегодняшний день, такие вопросы волнуют не только учителей с большим педагогическим стажем, который вызывает только уважение и признательность, но и учителей с небольшим опытом. Учителя по призванию всегда остаются мастерами своего дела. Перестраиваясь, педагоги глубоко изучают предоставленный материал, принимают введенные новшества, ведь в них кроется множество положительных моментов, как для – самих педагогов, так и для современных учащихся.

Президент Республики Казахстан Назарбаев Н.А. поставил высокую задачу перед национальным образованием современных школьников.

В рамках реализации Плана Нации – «100 конкретных шагов», инициированного Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым, запланированы 5 шагов в сфере образования, направленных на повышение качества человеческого капитала на основе стандартов стран ОЭСР. 3 из них относятся к общему среднему образованию.

Шаг 76: Поэтапное внедрение 12-летнего образования, обновление стандартов школьного обучения для развития функциональной грамотности. Внедрение подушевого финансирования в старшей школе, создание системы стимулирования успешных школ.

Шаг 79: Поэтапный переход на английский язык обучения в системе образования – в старшей школе и вузах.

Шаг 89: Разработка и реализация национального проекта «Нұрлы Болашақ». Внедрение ценностей «Мәңгілік ел» в действующие учебные программы школьного образования.

Переход на обновление содержания образования предъявляет новые требования к работе в рамках компетентностного подхода к образованию, обеспечение педагогов здоровьесберегающими технологиями, формирование готовности работать в условиях возросшей индивидуализации образовательного процесса. Обновление структуры образования, насколько я поняла в рамках данных курсов, заключается в преодолении традиционного репродуктивного стиля обучения и переход к новой развивающей, конструктивной модели образования, обеспечивающей познавательную активность и самостоятельность мышления школьников.

Новые подходы в образовании ещё раз доказали, что общество развивается стремительными темпами и требует гибкости от учителя, способности воспринимать и принимать инновации, готовности к переменам. Сегодня учитель должен быть не только источником знаний, но и активным участником учебного процесса. Вовлечь каждого ребёнка в процесс обучения, суметь выслушать его, сделать его своим ассистентом, посмотреть глазами ученика на волнующую его проблему – вот задача учителя. Новое время потребовало от учителя владения современными активными технологиями и активного применения их на уроках. Сегодняшний ученик хорошо владеет компьютером, разбирается в технике. А наша задача направить их умения в нужное русло, подсказать, как добыть знания, заинтересовать, добиться, чтобы их глаза загорелись интересом к познанию.

Школа в условиях обновления отличается тем, что учебные достижения имеют продуктивный характер, а учебный процесс характеризуется активной деятельностью самих учащихся по «добыванию» знаний на каждом уроке. В этих условиях ученик – субъект познания, а учитель выступает организатором познавательной деятельности учащихся. Необходимо стремиться к личности. Именно в этом заключается педагогический аспект обновления содержания образования, когда цели обучения становятся общими для ученика и учителя. Для достижения этого каждый учитель начинает с себя, что отражает социальный аспект процесса обновления. Учителю необходимо преодолеть инертность педагогического мышления и вместе с учеником учиться самому. Принципиально важным является создание дружелюбной среды, благоприятной для развития обучающегося.

В рамках обновления содержания образования в начальной школе предполагается:

- смещение акцентов с обучения, направленного на передачу фактологического материала энциклопедического характера, на обучение способам получения информации;
- социализация личности, способной к сотрудничеству и самостоятельности;
- формирование умения самостоятельно добывать, анализировать и эффективно использовать информацию;
- отход от традиционной организации учебного процесса, когда, прежде всего, определялось содержание образования, отражаемое в учебных программах, и акцентирование на ожидаемых результатах, определяемых по образовательным областям и отражающих деятельностный аспект, т.е. учащиеся «знают», «понимают», «применяют», «анализируют», «синтезируют», «оценивают».

Содержательное отличие обновленных учебных программ:

- принцип спиральности при проектировании содержания предмета	- повышение воспитательного потенциала обучения, формирование нравственно-духовных качеств обучающихся
- иерархия целей обучения по таксономии Блума, основанная на закономерностях познания и классифицируемая по наиболее важным видам предметных операций	- педагогическое целеполагание по уровням образования и на протяжении всего курса обучения, что позволяет максимально учесть внутрипредметные связи
- наличие «сквозных тем» между предметами как внутри одной образовательной области, так и при реализации межпредметных связей	- соответствие содержание разделов и предложенных тем запросам времени, акцент на формирование социальных навыков
- организация учебного процесса с использованием долгосрочных, среднесрочных и краткосрочных планов	- системно-деятельностный подход в обучении (активное включение ученика в процесс познания)

Что нового в начальной школе? С учетом всех вызовов времени расширены задачи начальной школы: определены в новом контексте задачи: научить читать, писать, обучить способам учебной деятельности; научить логично излагать мысли, устанавливать причинно - следственные связи; усилена задача, связанная с духовно-нравственным воспитанием: заложить основы духовности ребенка, развить его лучшие качества; определена новая задача: развивать навыки поиска, анализа и интерпретации информации соответственно возрастным возможностям. Реализуется политика трехязычия. Используется критериальная система оценивания учебных достижений учащихся с целью обеспечения объективной оценки прогресса учащегося и выстраивания дальнейшей индивидуальной траектории развития.

В обновленной образовательной программе среднего образования определены следующие ценности и навыки, которые необходимо привить учащимся:

Моральные ценности	Навыки
- творческое и критическое мышление - коммуникативные способности - проявление уважения к другим культурам и точкам зрения - ответственность - здоровье, дружба и забота об окружающих - готовность учиться на протяжении всей жизни	- умение критически мыслить - способность творчески применять знания - способность решать проблемы - научно-исследовательские навыки - коммуникативные навыки (включая языковые навыки) - способность работать в группе и индивидуально - навыки в области ИКТ

Без оптимизма в школе сегодня не выжить. Нужно много сил для того, чтобы научить детей любить свою Родину, читать, считать, писать, рисовать, дружить и жить по школьным

и общечеловеческим правилам. И мне это по душе, нравится быть нужной. Поэтому я и работаю в начальной школе, а рядом со мной - мои коллеги, талантливые люди. Объединяет нас одно - мы учителя!!! Мы вместе преодолевали изменения в стандартах, программах и подходах к образованию, но остались преданны общему делу- своей любимой профессии.

В современной школе всегда была и остаётся миссия - воспитание и обучение «Будущего страны» и «Будущего нации». Об истинности этих слов, можно судить по одному основному факту: если учитывать, что у ребёнка в стенах школы проходят основные Этапы жизни: детство, отрочество, здесь же он вступает в порог юности. Ещё мы можем утверждать, что он проходит «школу жизни».

Хорошая школа- это школа педагогического мастерства, которая славится педагогами - мастерами «своего дела» и прекрасными выпускниками.

Литература.

1. Руководство для учителя ЦПМ АОО «Назарбаев интеллектуальные школы», 2015
2. www.strategy2050.kz;
3. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы / www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo.

Жаңаша білім берудің тиімді жолдары

Аметова Г.М. №22 ОМ

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп - үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам.Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. (1; 65)

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады.Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру - оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Француз қайраткерлерінің бірі «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту үдерісін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. (2; 102)

Ұстаздың биігі ойлана қарасаң, биіктей, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң, қарсы алдыңда, айналсаң, артыңда тұрғандай» деп Сократ айтқандай егеменді еліміздің алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар қойылуда. Соның ішінде болашақ ұрпаққа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау - басты міндеттердің бірі.

Қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесінің жасалуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы, бәсекелестікке қабілеті мол шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой- қабілетімен

ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді. Сапалы білім ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер-ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету - мұғалімнің басты міндеті. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар-мінез деген қасиеттерімен озады» деп Абай атамыз айтқан озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Жаңа білім беру бағдарламасында осы тиімділікті арттыратын көптеген әдістер берілген. Оның ішінде орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдістердің бірі ретінде табиғи әдісті алуға болады. Тілді үйретудегі табиғи әдіс (3;23) сыныптағы тапсырмаларда кітаптағы мәтіндерді емес, оқуға арналған нақты материалдарды (мысалы, брошюралар, үндеухат, веб-парақтар) пайдалана отырып және оларды шынайы өмірмен байланыстыра отырып, неғұрлым мазмұнды етуге тырысады. Табиғи әдісті пайдалана отырып, мұғалім түсінік қалыптастыруға және қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді, сонымен қатар, оқушылардың арасында шынайы байланыс орнатуға ұмтылады. Ол жаңа сөздік қорды меңгеру мен қарым-қатынасқа арналған ақпараттық ресурстарды ұсыну үшін фотосуреттерді, көрнекі құралдарды және мультимедиялық ресурстарды пайдаланады.

Табиғи әдіске сәйкес келетін жаттығулар:

1. Мұғалімнің әңгімесі сыныптағы объектілерге және суреттердің мазмұнына шоғырланады;

2. Жағдайды ушықтырмас үшін оқушылар дайын болмаса, олардан бірдеңені айтуды талап етудің қажеті жоқ, бірақ олар мұғалімнің өтініштері мен сұрақтарына басқа біртәсілмен жауап береді деп күтіледі;

3. Оқушылар басқа тілде сөйлесе бастауға дайын болғанда, мұғалім оған түсінікті тілде өтініш білдіріп, қарапайым жауап беруге мүмкіндік береді.

4. Мұғалім сұрақ қойғанда ақырын және анық сөйлей отырып, бір сөзден тұратын жауап беруге жағдай жасайды. Яғни сұрақтар иә/жоқ деп жауап берілетін сұрақтардан бастап кеңейтілген жауап талап ететін сұраққа қарай біртіндеп күрделене береді.

5. Оқушылар белгілі бір сөздерді көп рет естімес бұрын, оларды белсенді қолданады деп күтуге болмайды.

6. Графиктер, диаграммалар, суреттер, жарнама және басқа да өмірден алынған заттар сұрақ қоюда кеңінен қолданылуы керек.

7. Жаттығулар тілдік нысандарды қолдануға емес, негізінен саналы қарым-қатынас жасауға бағытталуы керек.

8. Жұптық және топтық жұмыс жүргізу және мұғалімнің жетекшілігімен бүкіл топ атсалысатын пікірталастар да пайдалы болмақ.

9. Табиғи әдіс техникалары әдетте «Тыңдау-көру-орындау» және «Тіл үйренушілер қоғамдастығы» (ТҮҚ) сияқты тәсілдермен бірге қолданылады.

Сонымен қатар, тілді оқытудың коммуникациялық әдістемесінің қағидаларын ұстанатын мұғалімдер грамматикалық тұрғыдан сауатты сөйлем құрылып, грамматика ережелерінің сақталуына қарағанда, тілдің қарым-қатынас үшін қолданылуына баса көңіл бөледі. (4;37) Тіл үйренушілер қоғамдастығы (ТҮҚ) әдісін қолданатын мұғалімдер оқушылардың тілді әртүрлі мақсатта және түрлі адамдар алдында қалай қолдану мен оны қалай өзгерту керек екенін (мысалы, бейресми тілді пайдаланған кезде), мәтіннің түрлерін қалай түсіну және оларды қалай өндіру керектігін (мысалы, есеп, әңгіме, нұсқаулық) үйретуге ұмтылады.

ТҮҚ жаттығулары:

- «Ақпараттағы ақау» жаттығуы – оқушылар рөлдік ойындар арқылы жаттығады.
- «Пазл» әдісі – оқушылар бүтін мәтін жасау үшін ақпараттың түрлі бөліктерін біріктіреді.
- Тапсырманы аяқтауға арналған жаттығулар – миға шабуыл жасау арқылы шешуді талап ететін тапсырма беру.
- Ақпарат жинау жаттығулары – оқушылар ақпарат жинап, оларды сыныпқа таныстырады.
- Пікір алмасу жаттығулары.
- Тапсырманы аяқтауға арналған жаттығулар; джигсо, ойын, карта.
- Жоба жұмысы.

- Ақпарат жинау жаттығулары: зерттеу, сұхбат, іздестіру.

Ақпарат беруге арналған жаттығулар – оқушылар белгілі бір нысанда таныстырылған ақпаратты алып, басқа нысанда таныстырады. Басқалары – белгілі бір сөзбен екі диалог жүргізу; карточкалардың көмегімен жүретін рөлдік ойын; «Қатесін тап» ойыны т.б.

Табиғи және коммуникациялық әдістер аясында жағымды оқу ортасының болуы маңызды болып табылады, себебі ол жерде оқушылар жаңа сөздер мен құрылымдарды біліп, олардыдыбыстап айтуға үйрену барысында қателесу және тәуекелге баруға үйренеді. Екі тәсілде оқушыларды оқуға ынталандыруға негізделген.

Оқушылар білімдітолықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Осыретте оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларынаарттыруға септігін тигізетін жаттығулармен айналысуға мүмкіндік берілуі аса маңызды болып табылады. Орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдістің бірі – табиғи әдіс. Бұл әдісті күнделікті сабақта шынайы өмірмен байланыстыра отырып қолдануға болады (5; 103).

Жаңа білім беру бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған курс барысында сабақтар өткізілді. Табиғи әдіске мысал ретінде 10 - класс курсы бойынша «Ғылыми жаңалықтар мен технологиялар» сабағында «Төрт сөйлем» стратегиясын пайдаландық. Бұл стратегияның мазмұны: (Билл Гейтс туралы мәтін ұсынылады.)

1. Пікір. Тыңдаған материал бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады. (Билл Гейтс - әлемге танымал өнертапқыш)

2. Дәлел. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді (Себебі ол Microsoft бағдарламасын ойлап шығарды)

3. Мысал. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді. (осы бағдарлама бойынша мәтін тереміз, кесте құрамыз, презентация жасаймыз.)

4.Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарады. (Елімізге пайдалы, ғылымға үлес қосатын өнертабыстарды зерттеумен айналысу керек).

Оқушыларға тіл үйретуде табиғи тәсілді пайдалану, яғни сабақты шынайы өмірмен байланыстыра оқыту тиімді әдіс - тәсілдердің бірі деп есептейміз.

Әдебиеттер.

1. А.Құсайынов. Әлемдегі және Қазақстандағы білім сапасы.
2. Сократенбектері 1992
3. Krashen & Terrell, 1995
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей.

Жаңа технология элементтерін ағылшын тілі пәнінде пайдалану тиімділігі

Ибрашова М.А. №22 ОМ

Білім беру инновациялары:ізденіс және шешімдер

Тақырыбы: Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологиялардың тиімділігі

Еліміз Егемендік алып,Жахандану кезеңінде мен дәріс беретін ағылшын тілі ауадай қажет екені баршаға аян.

Әлем елдерімен сауда қатынас әлеуметтік қатынастар жасап, елді жақын-алыс елдермен татулықта жасауға,мәңгілік ел қазақ еліне тыныш,бейбіт өмір сүру де Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегін бүгінгі таңда халқы ризашылықпен бағалап,алғыс айтуда.

Қазіргіні емес,болашақты болжаған Елбасымыз «Болашақ» бағдарламасын ұсынып, оларқылы жастарға шет елдерде оқып келудің тиімділігін атап көрсетті.

Заманауи түсінікке сүйенетін кез келді. Жастарымыз кәсіпкерлікке қызыға бастады, шет елдермен қарым-қатынас жасауды, бизнес жасауды ойлай бастады және жұмысты бастап кетіп, жеңіске жетіп жатқандары қаншама.

Бұрын ақылшын тілін тек «Ағылшын тілі мұғалімі» болғысы келетіндер таңдайтын, ал қазір керсінше заман бағытын түсінген,жахандану кезеңдеріне аяқ басқан жастардың бәрі ағылшын тілін үйренуді басты мақсат етуде.

Оқытуды қалай үйрету керек? - деген түсінікті зерттеп өз шәкірттеріміз қолданып,табыста құбылыс емес,немесе дағды емес,ол оқушылардың осы пәнге

қызығушылығын арттыру осы тілдің өмір сүруі үшін аса қажеттілігін түсіндіруден басталған, осы тілде игеруге қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтаскешені айқындалған. Ол үшін ағылшын тілін оқытатын мұғалімдерге заман талап еткен мына ұстанымдарды мойындау қажет:

- Мұғалім өзін-өзі өмір бойын оқу, үйренуі, өз білімін жетілдіріп бару қажеттігін ұғыну.
- Ойлай білуге ағылшынша сөйлеу үшін, бірінші ағылшынша ойлай білуге үйрену.
- Мұғалім өз бойындағы шығармашылық таланттарыды ұштай білуге барынша жақсы пайдалану, дамытып бару.

- Өз пәнін өз жүрегімен таңдауы

- Өзі ағылшын тілін ғана емес ағылшын әдебиетін көп оқып, ағылшынша тілін дамыту.

- Ақпараттың технологияларды жоғары деңгейде қолдана білуі.

Қалай ағылшын тілін тез үйретемін, еркін оқуды, еркін сөйлеуді оңай үйретемін – деп алдына мақсат қойған мұғалімдер жоғарыда көрсетілген 6 талапқа сай болуы қажет.

Өз ана тілін оқушылар еркін меңгере алады. Ал ағылшын тілін

Біріншіден: оқи білуге түсіне білуге үйрету

Екіншіден: ойлай білуге үйрету

Үшіншіден: сөйлей білуге үйрету

Жолдары арқылы меңгертеміз

Мұғалім оқушының ағылшын тілін қатесіз оқуын қатаң бақылауы қажет, дұрыс бағалауы қажет. Мұғалім оқушыға:

1. Ағылшын тілін үйрену, еркін сөйлеу үдерістерін меңгеруге

2. Және ойлау әдістерін үйретуге

3. Әр түрлі әдіс-тәсіл технологияларын меңгерту арқылы ойлай білуге үйрету.

4. Стратегиялардың ішінен тиімдісін таңдай білуге

Мұғалімдер негізінде өзінің сабақты қалай беруіне емес, оқушылардың сыныптағы балалардың сабаққа түгел қатысуын қамтитын, бір баланың да шетте қалмауына қол жеткізетін технология.

Оқушының өз бетімен қол жеткізе алмайтын деңгейіне достарымен ынтымақтаса отырып қол жеткізетіндігі дәлелденген ұғым.

Бұл үрдісті ғаламдық технологияларда Джером Брунер Кембридж Университетінде қолданып, сабақ нәтижелігіне жетуге болатынын дәлелдеген.

Оқушыны өз бетімен дайындалуында: Оқушының тапсырмамен жұмыс барысында өздігінен бағыттаушылығында.

Оқушының «қиындықтар» мен түсінбеушілікті өздігінен анықтауы

Оқушының «қиындық пен түсінбейтін» жерлерін өздігінен ұғынуға талаптануы. Ғаламдық тәжірибеде дәлелденгендей мұғалімдер үшін маңызы: білім мен түсінік оқушы бойында қалыптасады, – мұғалім бұл үдерісіне көмек көрсетуші ғана.

Оқу үдерістерін тиімділігін негізгі факторлар мыналар:

А) Балалардың ағылшын тілін қалай оқытынын түсіндіруі.

В) Нені, қалай оқыту керектігін түсіну

Г) Оқу үдерісіне қалай құрылымдау керектігін білу.

Д) Сонымен қатар оқу нәтижелігін бағалау тәсілдерін игеру.

Нені оқыту керек?

Оқыту реттілігін қалай құрылымдау керек

Оқушылардың табысты білімін қалай бағалау керек

Балалар қалай оқиды?

Білім үдерісінің нәтижелі болуы ағылшын тілін оқушылар өздігінен меңгеріп дарындылығын танытпа білген оқушылар да «Марапаттау» «мадақтау» қажет

Егер мұғалім мен оқушы білімді игерудің бастау нүктесін екеуі бір сәтте (бір секундта) бірге бастамаса, оқушы толық ұғына ала алмайды. Сол үшін мұғалім сабақты түсіндіріп тұрумен бірге оқушыларды бақылап тұруы қажет.

Мүмкін оқушылар «тыныш» отыратын болар бірақ «зейіні басқа жақта» отыратын оқушыларды дәл тануымыз қажет.

Оқушылар оқу үдерісінде барлық бөлімдерінде белсенді қатысу керек өз алдына мақсат қоя білу керек.

Сол сабақ барысында оқушы нені үйренеді? Нені үйренгісі келеді?-деген сұрақтарға жауап іздеуі нәтиже шығаруы қажет. Осы әдістерді қолдана отырып өзін сабақ беретін топтарда

Көп жылдың тәжірибе нәтижесінде ұғынғанын шәкірттерге ағылшын тілін үйретуде «Диалогтік оқыту» әдісі өте тиімді. Оқушылардың тақырыпты өздері талдап, түсініктерін ортаға салуы, бірлескен сұхбат үлкен пайда келтіретін дәлелденеді

Нәтижесінде:

- Оқушылардың тақырып жайлы өз ойларын білуге мүмкіндік береді
 - Өзінен басқаларда да түрлі идеялардың барлығын түсіндіреді
 - Оқушылардың өз идеяларын дәлденуіне көмектеседі
 - Мұғалімге өз оқушыларының білімдері қандай деңгейде екендігін түсіндіреді
- мұғалімнен және оқушының басқа оқушылармен сабақ жайында әңгімелесуі

- Оқушының тілін дамытуға
- Сол тақырыпта жете түсінуіне
- Білімге қызығушылығын оятуға тәрбиелейді. Бұл әңгіме «Зерттеушілік әңгіме» -деп аталады. Біз ұстаздар шыны керек сыныпта қатаң тәртіп болуын, оқушылардың үн шығармай тыныштық сақтауын талап етеміз.

Бұл процес оқушыларға «кері әсерінен» тигізетінін өз ойын айта алмайтын тілге «шорқақ» шәкірттердің пайда болуына себепші біз екенімізді ойламайтынымызды ащы да болса шындық.

Әңгіме барысында Сұрақ-бастама-жауап-нәтиже-баспалдақтарының сабақты оңай игеріп аламыз. Бұл әдіс шәкірттерді:

- Ағылшын тілінен сындарлы сөйлеуге тәрбиелейді
- Шәкірттердің қызығушылығын оятады
- Шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлауына

Ал мұғалімдер оқушы жауабын саралап, қатесін жөндеп, оны мақтап не түзетіп отыруға міндетті.

Қорыта айтқанда оқушылардың ағылшын тіліне ынталығын, белсенділігін арттыру жолында ғаламдық деңгейдегі әдісі тәсілдерді қолдана отырып оқушылардың білім деңгейін білуге, оқушылар арасында жақсы қарым-қатнаста болуына нәтижелі табысты білім деңгейіне қол жеткізуіне қомақты үлес қосады. Заман талап еткен тіл «ағылшын» тілін шәкірттерімізге ғаламдық әдіс-тәсілдермен жеткізе білейік!

Оқыту қазақ тілді емес бастауыш кластары үшін қазақ тілі сабағында жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану

Ищанова Ш.Т. №22 ОМ

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алуы, Қазақстан Республикасы деп жариялануы, Республикамыздың Ата-Занында қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып заңдастырылуы қазақ тілінің өз мәнінде дамуына мүмкіндік берді.

Республика деңгейінде қазақ тілі қоғамдары, сондай-ақ қазақ тілі комитеті құрылып, тіліміздің мәртебесі көтерілді. Ресми құжаттар қазақ, орыс тілдерінде қатар жүретін болды. Қазақ тілін үйретуге бағытталған оқулықтар мен тілашарлар және оқу-әдістемелік құралдар дүниеге келді.

Қазақстан Республикасының Жаңа Ата Заңының баптарында, сонымен қатар «Тіл саясатының тұжырымдамасы» мен «Тіл туралы Заңда» айтылған басты мәселе - мемлекеттік қазақ тілін дамыту.

Орыс тілді балаларға қазақ тілін оқытудағы басты мақсат - сөйлей білуге, өз ойын айта білуге, жаза білуге үйрету дейтін болсақ, коммуникативті қарым-қатынас бірінші орында тұрады да, грамматика екінші орында тұрады.

Ұлттық мектептерде оқылатын қазақ тілі пәнінің алдына қойылатын түпкі мақсат – оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеп, өз ойын біреуге жеткізе алатындай, сондай-ақ өзгенің ойын ұғып, түсіне алатындай деңгейге жеткізу.

Сабақ - оқытудың барлық кезеңінде мұғалім мен баланың білесіп істейтін тиімді әдістердің жүйесі.

Оқушыларды пәнге қызықтыру арқылы сабаққа ынтасын арттырып, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру қажет. Мұғалімнің тәжірибесі мен кәсіби шеберлігін арттыру тіл пәнін оқытудың сапасын жетілдіретін басты белгілері болып табылады.

Л.Н Толстой: «Баланың үйренген сөзін қолдана білуіне жағдай туғызу керек, үйренген сөзін ауызекі сөйлесу тілінде бір рет қолдана білсе, ол өзінің жеке меншігіне айналады» деп жазған екен. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері алуан түрлі. Мұғалім оқу жылы басталысымен әр тақырыпқа қарай сөздік жұмысын дұрыс жоспарлап, оқушының сөздік дәптерін даярлатуы тиіс. Бастауыш сынып оқушылары үшін «Сөз жарысы», «Сөзтізбек», Тізбектен шығып қалма», «Қайталай ғой», «Ұшты - ұшты» ойындарын өткізіп отырған тиімді. Сондай-ақ, сөздік жұмысына «Көк диван», «Күн! Тас! Қоршау!», «Қане, қайтала!» әдістерін қолдануға болады.

Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында

Е.И.Пассовтың коммуникативтік оқыту әдістерін пайдаланамын.

Әдістің негізін құрайтын қағидалар:

1. Оқушының сөйлеу бағытын анықтау.
2. Адамның жеке басының ерекшелігін ескеру.
3. Орта жағдайын ескеру.
4. Сөйлеу дағдысын жаңарту.

Жоғарыдағы пікірлерді ескере отырып, баланың ауызша тілін дамытуда мына әдістерді басшылыққа аламын. Мәселен, сұраққа жауап беруде, балалардың сөздік қорын байытуда «Конверт-сұрақ», «Көршіме айтамын». «Конверт-сұрақ». 2-3 сұрақ жазып, конвертке салыңыз (оқу мақсатына қарай). Әрбір оқушыда өзінікі болатындай етіп, бірнеше конверт дайындаңыз. Әрқайсысына екі минут беріңіз: оқушы стикерде атын және жауабын жазады; екі минут өткен соң конверт келесі оқушыға беріледі, осылай бұл 2-3 сұраққа барлығы жауап бергенше жүре береді. Стикерлерді жинап, бірнеше жауапты дауыстап оқыңыз (аттарын атамастан); сынып белгілі бір сұрақтың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды. «Көршіңізге айтыңыз», «Көршіме айтамын» әдістемесі оқушылардың өз ойларын ауызша білдіруі үшін қолданылады.

- Сұрақ қойыңыз, ойлануға уақыт беріңіз, содан кейін оқушылардан өз ойларын көршісімен бөлісуін сұраңыз.

- Оқушыға жаңа тақырыпты атаңыз және оларға аталған тақырып бойынша ненің мәлім екені туралы бәрін көршісіне айтуын сұраңыз.

Бастауыш сынып оқушылары үшін қазақ тілі сабағында топқа бөлініп, жұптық жұмыс, ұжымдық жұмыс, бірлесіп жұмыс жасауда «Достармен кездесу уақыты», «Екі лагерь», «Есімдерді топқа бөлу», «Жыл мезгілдері» т.б. әдістері арқылы топқа бөлінеді. Мәселен, «Достармен кездесу уақыты». Оқушыларға осындай карточка беріп, сыныпты аралай жүріп, өздеріне ұқсас бір жанды тауып әр сағаттың тұсына атын жазу ұсынылады. Мысалы, сенің көзіңнің түсі маған ұқсайды екен. Сені сағат 12-ге кездесуге жазып қойсам деп едім. Осылайша 4 сағаттың тұсына аттарын жазып болған соң, сәйкес келген оқушылар бір топқа бірігіп жұмыс жасау тапсырылады.

Профессор Ж.Караевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясының маңыздылығы:

Класс оқушыларын жаппай жұмыс істеуіне жетелейді;

I деңгей. Оқытушылық деңгей – үйретушілік деңгей.

Бұл деңгейде оқушылардың жаңа тақырыптан алынған білімдерін бекіту, практикада қолдана білуге жаттықтырамын. Мысалы: мәтінді оқу, сөз тіркестерін құру, сөздерді аудару, берілген үлгі бойынша тапсырмалар орындау. Мәтінмен жұмыста «Джигсо» әдісі, «Жұмбақ зат», «Жұппен жұмыс» түрлерін қолдануға болады.

II деңгей Алгоритмдік деңгей- базалық минимумды білімге сәйкес.

Бұл деңгейде тапсырмалар күрделірек. Сурет бойынша сөйлем құрастыру, сөз тіркестерінен сөйлем құрастыру, күрделі материалдарды жүйелей білуі, алған білімдерін басқа тапсырмаларды орындағанда пайдалана алуы, сол тақырыптарды еркін меңгергені ескеріледі. Алған білімді тәжірибеде қолдануда «Моншақ» әдісі тиімді. Мысалы, қазақ тіліндегі жуан және жіңішке дыбыстарды ажыратуда бірыңғай жуан дыбыстары бар моншақтарды бір бөлек, бірыңғай жіңішке дыбыстары бар моншақтарды екі бөлек ажыратып, моншақ құрастырады.

III деңгей. Эвристикалық деңгей – материалды саналы түрде меңгеру.

Білімдерін тереңдету үшін ізденіс жұмыстары, логикалық ойлау, талдау, салыстыра білу қажет етіледі. Мысалы, мазмұндай білу, сурет бойынша әңгіме құрастыру, ережені қорыту, жаттығу барысында қолдану, т.б. «Жұлдызшалар», «Жоғалған әріптер» арқылы сөз құрастыруға болады.

«Қателескен мұғалім». Мұғалім мәтінді оқу барысында қате жібереді. Оқушылар тыңдап отырып, қателескен тұсты бірден тауып, дұрыстау керек. Мұғалім қате жіберетін болғандықтан, оқушылар асқан қызығушылықпен мәтінді қалт жібермей тыңдайды. Мұнан соң қате басылған әңгімені оқушыларға таратылады. Енді «Жаңсақ басылған мәтін» ойнына ауысады.

IV деңгей. Шығармашылық деңгей өз бетімен оқу материалдарын меңгеру. Тақырыпты өз бетімен талдап, шағын шығармашылық зерттеу жұмыстарын жасайды (шығарма, өлең). Шығармашылықпен жұмыс жасауда «Егер..., онда не болар еді?», «Дұрыс емес пікір» әдістерін қолданған жөн. Мысалы, «Дұрыс емес пікір», талқылау үшін дұрыс емес жауаптарды қолданыңыз. Дұрыс емес болғаны үшін ғана жауапты іріктеудің немесе «бұл қызық» фразасын қолданудың орнына, үдерісті ашып көрсету үшін ойлау барысының дұрыс емес бағыт алуына әкелетін сұрақтарды қолданыңыз. Бұл ойдың логикалық барысын жақсартуға әкеледі және қате үшін жазғыру болмайтын атмосфера орнатады. «Мен бұл жауап дұрыс емес екеніне қуаныштымын... ендеше талқылап көрейік...». «Егер..., онда не болар еді?» Оқушылардың бірі жүйрік қиялмен бір ситуация айтады, қалғандары соның шешімін тауып жалғастыру керек. Мысалы, «Егер әрбір адам дүниеге келе сала басқалардың ойын оқи алатын болса, онда Жер бетінде не өзгеріс болар еді?» «Егер Жердің тартылыс күші жоғалып кетсе, онда...». «Егер барлық адам сөйлеу қабілетінен айрылып қалса, онда» Бұл тәсіл оқушылардың қиялын дамытып, мидың ойлау белсенділігін арттырады. Қазақ тілін оқытуда қолданатын, оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістердің бірі - «Дөңгелек үстел» әдісі; Іскерлік рөлдік ойындар; Драмалау; «Калейдоскоп», «Есіңе сақта сиқырлы сандығы», балалардың іскерлігін, есіңе сақтау қабілетін дамытуда ерекше орын алады. Орыс сыныптарында қазақ тілін үйретуде іскерлік, рөлдік ойын түрлерін қолдану, диалог, монолог, сұхбат, сұрақ – жауап, көрініс қою, тақпақ оқу, ән айту, мәнерлеп оқу, жұмбақ, сөзжұмбақ шешу, пікір айту, пікірсайыс, тірек схемасын пайдаланып, жүйелі түрде әңгімелеу, Эвристикалық немесе «Сократ», «Дөңгелек үстел», «Ми шабуылы» т.б. әдіс-тәсілдерді сабақта пайдалану, оқушының басқа тілді үйрене алмаймын деген сенімсіздігін сейілтіп, тілді үйренуге ынтасын арттыратынын өз іс-тәжірибемнен күнделікті жұмыс барысында байқаймын. Баланың білімін бағалауда «Гүлдер», «Дарабоз» тәсілдері тиімді. «Дарабоз» -бала еңбегін сабақта бағалауға рейтинг жүйесінің қарапайым түрін ұсынар едік. Мұғалім өзінің жеке шығармашылық журналы төмендегі бағытта бағалау жүйесін қолданады. Бұл баланың төмен баға алу қорқынышынан туатын қажетсіз әрекеттерінен арылып, шынайы еңбегімен көрінуге ұмтылуына ықпал етеді. Ұжымда демократиялық қатынастар орнатуға қызмет етеді.

Ұтымдылығы- бірінші орында баланың қабілетінен гөрі еңбектенуі тұратындығында. Тынымсыз еңбек қабілетті дамытады. Баланың сенімділігі мен қызығушылығын ұштайды.

Бала еңбегі мынадай бағыттарда жан-жақты бағаланғаны жөн:

1. Сабаққа қатысуы
2. Оған даярлығы
3. Тапсырманы орындауы
4. Өзіндік жұмысы
5. Ынтасы
6. Сабақтағы жауабы

Мұндай жағдайда, «екі» деген баға болмайды, себебі өзін ықтырып, үркітетін бағаны емес, жинақталған балды көріп, кемшілігін түзетуге мүмкіндігі бар екеніне сенімді болар еді.

Оқушылардың алған білімдеріне кері байланыс орнатуда «Екі жұлдыз, бір тілек», «Жетістік баспалдағы», «Кемпірқосақ», «Аяқталмаған сөйлем», «Кері байланыс бутерброды», «Көңіл-күй бекеті» т.б. осы әдіс-тәсілдер қолданған тиімді.

Шығармашылықты дамытуда ерекше орын алатын жұмыстың бірі-ертегі, әңгіме құрастыру. Бұл жұмыс түрі алдымен ауызша жүргізіледі, кейін оқушылар өз ойын, қиялын қағаз бетіне түсіруге жаттығады. Әңгіменің мазмұны күнделікті өмірдегі қоршаған

құбылыстардан бастала отырып, оқушылардың қиялын, арманын суреттейтін тақырыптарға дейін қамти алады. Мұғалімнің негізгі мақсаты - оқушыға әңгіменің тақырыбын таңдауға бағыт беру, оқушы қиялын дамытуға ықпал жасау. Ертегі құрастыруда ең алдымен оқушылардың білетін, оқыған ертегілерінің мазмұнын жаңарта отырып, ертегінің соңын өздерінше аяқтауларын талап етеді. Алайда, мұғалім өзінің тек бағыт беруші екенін естен шығармауы тиіс. Шығармашылықпен іздене білген мұғалім болашақта өзіндік көзқарасы толық қалыптасқан, дүниетанымы кең, білім, білік, дағдысы жоғары, бәсекеге қабілетті жас жеткіншекті тәрбиелей алады.

Әдебиеттер.

1. Т.А.Акимов, Т.М.Копжасарова, З.Т.Кашкенова, Г.У.Дарменова «Разминки для тренингов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015
2. Қ.Әбдезұлы, С.Ч.Тұрсынғалиева «Қазақ әдебиеті әдістемелік нұсқау» «Арман ПВ», 2012
3. А.Х.Әлімов «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014
4. Т.Н.Ермекова, А.А.Қасымбек, Н.О.Абдижаппапрова, А.Б.Бипажанова «Қазақ тілі мұғалім кітабы» «Арман ПВ», 2016
5. А.Т.Нұржанова «Формирование коммуникативных умений в контексте уровневых программ курсов повышения квалификации педагогов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015
6. <http://www.tilortalyq.kz/kk/534.html> «Қазақ тілі сабағында ойналатын ойындар жинағы»

Преемственность в обучении и воспитании при переходе из начальной школы в среднее звено

Карасёва Е.А. СШ №22

Поступление в школу и переход из начального звена в среднее – это переломный момент в жизни ребёнка, так как осуществляется переход к новому образу жизни, к новым условиям деятельности, к новому положению в обществе, к новым взаимоотношениям со сверстниками, взрослыми и учителями.

Адаптация пятиклассников – это одна из болевых точек учебного процесса в школе, так как переход учащихся из начального звена обучения в среднее звено вносит изменения в привычную школьную жизнь

Одной из главных проблем при переходе является снижение успеваемости, так как пятиклассники не справляются с возросшим, по сравнению с начальной школой, объёмом работы, как на уроке, так и при выполнении домашнего задания; не могут с первых дней адаптироваться к разным требованиям учителей-предметников (возросший темп, непривычные требования к оформлению работ, необходимость самостоятельно находить дополнительную литературу и работать с ней и многое другое). Все эти причины приводят к переутомлению детей, возрастанию состояния стресса, снижения успеваемости.

Как известно четвертый класс - последний этап в начальной школе. Ребенок внутренне готовится к переходу в среднюю школу, к более самостоятельной жизни, к новому этапу взросления. Некоторые дети уже в этот период по своим психическим и физиологическим характеристикам приближаются к стадии предпубертата (отрочества, предпубертатный возраст). Их поведение заметно меняется: дети требуют подчеркнутого уважения к себе со стороны взрослых, настаивают на своих правах, нередко игнорируют обязанности. К окончанию четвертого года обучения школьники должны обогатить представление о собственных способностях и возможностях, составить определенный личностный идеал в качестве внутреннего ориентира поведения и поступков, приобрести способность делать осознанный выбор в сложных ситуациях. Ребенок ощущает свою долю ответственности за все, что с ним происходит, становится более самостоятельным в решении проблем общения и в школьных делах. Поэтому в четвертом классе большое внимание следует уделять инициативе, активной позиции в организации занятий, предоставлять свободный выбор форм и приемов работы.

Проблема преемственности всегда была и будет. Здесь есть очень много как объективных, так и субъективных причин. Но это не значит, что на неё надо закрывать глаза.

Частичные пути решения не только в проведении педсоветов и семинаров, а лучше в психолого-педагогических консилиумах, но и в заинтересованности педагогов среднего звена не тогда, когда уже «взяли», а «до». Если учитель предметник познакомится с детьми еще, будучи в 4 классе, проведёт несколько уроков сам, поможет учителю провести коррекцию с учётом специфики средней школы - то результат не заставит себя ждать. А часто ли учителя предметники посещают уроки начальной школы, хотя бы открытые? А это тоже необходимо. Мнение что начальная школа «готовит продукт» для дальнейшей работы ошибочно.

Будущий классный руководитель и учителя предметники должны быть знакомы со своими будущими учениками и их удачами и проблема задолго до окончания начальной школы. Таков опыт по преемственности необходим. Серия открытых уроков, классных часов, шефская работа старшеклассников- всё это залог безболезненного перехода в среднюю школу.

Необходимость снятия стрессовой напряжённости учащихся 5 классов, проявления социально-педагогической заботы о психологическом состоянии и здоровье каждого ученика начальной школы.

Основные условия преемственности в учебно-воспитательной работе учителей начальных классов и учителей-предметников

1. Как можно раньше определить учителей-предметников и классных руководителей будущих 5-ов.

2. Посещение уроков в 4-х классах учителями-предметниками, классными руководителями - внеклассных мероприятий.

3. Изучение учебных программ: учитель начальных классов должен знать программу 5 класса. Учитель-предметник среднего звена может начинать работу в 5 классе, только изучив программу начальной школы, чтобы правильно организовать повторение материала, изученного в начальной школе и разработать систему мер по дальнейшему формированию новых учебных знаний и умений.

арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан әр сабақ үрдісінде қандай ойын қолдануға болатынын сабақтың мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдау керек.

Әдебиеттер.

1. Ахметов Н.К. Игра как процесс обучения. Алматы, 1985
2. «Бастауыш мектеп», № 3, 2014 ж
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. М 1989
4. Коваленко В.Г. «Дидактические игры на уроках английского языка», М 1990
5. Сопецкая Е.С. дидактические игры как средство организации обучения учащихся и активизация их познавательной деятельности.

«CLIL» - үштілділік оқыту бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді әдісі

Тұрғанбай Н.А. М.Арын атындағы ҚҚОМ

Тәуелсіздік тізгіні қолымызға тиіп, егеменді ел болған алғашқы күндерден бастап-ақ елімізде тіл саясаты Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да, сындарлы түрде жүзеге асырылуда. Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын дәстүрлі жолдауларында да тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне көңіл бөлген болатын. Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Әсіресе, өскелең ұрпақ пен жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр. 2007 жылы Елбасы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын ұсынған болатын. Елбасы өзінің осы Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі», – деп атап көрсетті. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын тандай алатын өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру»[1].

Үш тілде білім берудің тиімділігі Халықаралық зерттеулер үш тілде жүргізілетін оқу бағдарламалары бойынша білім алатын оқушылар жұмысқа ұқыпты, мотивациялары жоғары, бірнеше тіл білудің артықшылықтарын түсінеді. Зияткерлік *мектептерде үш тілде оқытудың әдіс тәсілдері:*

- Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі;
- Командалық оқыту;
- Тілдік ортаға ену;
- Осы үш әдістің ішінен пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісіне кеңірек тоқталсақ;

CLIL әдісін 1994 жылы көптілді білім беруді зерттеуші Дэвид Марш Еуропадағы тілдік білім берудің жағдайын үйлестіру бойынша жұмыс істеу барысында енгізді.

«CLIL» әдісінің мақсаты: ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушылардың білім алуға қызығушылықтарын арттыру, олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білім алып, дамуға бейімдеу.

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі негізінде сабақта берілетін тапсырмалар мен жұмыстар тілді дамыту бағытында жүреді. Яғни тілдік емес пән оқытушылары тек пәннің мазмұнына ғана емес, сонымен қатар сол пән арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытады. Бұл әдіс арқылы бірден екі мақсатқа жетуге болады: ағылшын тілі арқылы сабақ мазмұнын түсіндіру және пәндерді меңгеру арқылы ғылыми тіл дағдыларын дамыту.

Халықаралық сарапшылар CLIL әдісін төмендегідей анықтайды:

* «тілді мәдениетаралық ойлауға дайындық және жалпы білім беруді жақсартудың құралы ретінде қарайтын әдіс»;

* «пән арқылы тілді зерттеуге және пәнді зерттеуге бағытталған әдісі»;

* «пәндерді екінші немесе үшінші тілді зерттеу арқылы және пәндік облыстарды зерттеу арқылы тілдік дағдыларын жетілдіру, яғни бір мезгілде пәндік және тілдік мақсаттарға қол жеткізу».

Үштілді білім беру тұрғысында бірінші тілде оқытуға бөлінген уақыт тиімді әрі нәтижелі пайдаланылатындығына сенімді болу үшін бірінші академиялық тілді дамыту жүйелі көңіл бөлуді қажет етеді. Академиялық тілді пән мұғалімі оқытуы тиіс. Тіл маманы мұғалім онда қосалқы рөл атқарады. Алайда пән мұғалімдері оқушыларға өз пәнінің академиялық тілінің деңгейін оқып дамытуға көмектесуге жауап береді.

Академиялық тіл – бұл «математика», «тарих» немесе «физика» сияқты пәндік салаларға тән тіл. Ол пән бойынша арнайы терминология мен грамматикалық ережелерді немесе тілді белгілі бір пәндік салада пайдаланудың келісілген жолдарын қамтиды. Пән бойынша арнайы терминология көбінесе күрделі болып келеді. Бір термин бірнеше басқа терминдермен байланыстырылуы мүмкін. Оқушы осы терминді түсінуі үшін оған кейбір басқа терминдерді біліп, түсіну қажет. Академиялық тіл көптеген пән салаларына ортақ болып табылатын нақты функцияларды орындауға қажетті тілді қамтиды. Бұл функцияларға талдау, салыстыру, жіктеу, себеп-салдарды түсіндіру, бағалау, гипотеза құрау, зерттеуді бірлесіп жүргізу, пайымдау, сендіру, есеп шығару және синтез жатуы мүмкін. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту CLIL - ағылшын тілінде (шет тілінде) оқытылатын пәндерді оқыту әдістемесін сипаттайтын термин. CLIL екі мақсатты көздейді, дәлірек айтсақ – ағылшын тілі (шет тілі) арқылы пәнді оқыту және пән арқылы ағылшын тілін (шет тілін) үйрен [2].

Жалпы CLIL әдісінің бес аспектісі және оны іске асыру әдістері:

1. Мәдениет аспектісі

- Басқа елдердің мәдениетін түсіну және зерттеу;
- Мәдениетаралық байланыс дағдыны дамыту;
- Көрші ұлттар мен аудандардың, елдердің ерекшеліктерін зерттеу;
- Мәдени байланыс түсініктерін кеңейту.

2. Әлеуметтік аспект

- Халықаралық үлгідегі сертификат алу үшін емтихан тапсыру мүмкіндігі;
- Мектеп бағдарламасы аясында білім деңгейін көтеру.

3. Тілдік аспект

- Тілдік құзіреттіліктің жалпы деңгейін көтеру;
- Коммуникативті дағдыларды дамыту;
- Ағылшын тілін (шет тілін) негізгі тіл секілді терең түсіну;
- Ағылшын тілін (шет тілін) қолданбалы мақсаттарға игеру.

4. Пәндік аспект

- Пәнді жан-жақты зерттеу мүмкіндігі;
- Ағылшын тілі (шет тілі) арқылы арнайы пәндік терминологияға қол жетеді;
- Оқу жалғастырымына немесе жұмысқа дайындық.

5. Оқыту аспекті

- Әртүрлі оқыту стратегияларын қолдану мүмкіндігі;
- Сынып жұмыстарының әртүрлі әдісі мен формаларын қолдану;
- Оқушылардың мотивациясын көтеру

Жаратылыстану пәндерінде кіріктірілген бағдарламада өткізу үшін арнайы тілдік мақсаттар көрсетілген, осыны ескере отырып әр сабаққа пәндік терминология және диалогқа қажетті сөз тіркестерін ендіру көзделген. Сондай ақ сабақта CLIL әдісіне негізделген активитилерді қолдану қолға алынған. Биылғы 2016-2017 оқу жылында жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша 1 класс оқушыларына сабақ беремін Ағылшын тілі оқулығында CLIL әдісі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай әр тақырыптар бойынша берілген. Атап айтар болсам, қызыл түс «red». сары түс «yellow». Екі түсті араластырғанда қызғылт сары түс, яғни «orange» шығатынын оқушылар бейнелеу сабағын пайдалана отырып, ағылшын тілінде түстерді меңгерді. Ағылшын тілі сабағында тек қана бейнелеу пәні емес, математика пәні, музыка, география, тарих пәндері кіріктірілген.

Қазақстанда тек қазақ тілі ғана билік құра алады. Ағылшын тілі – қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі. Үштілділікті халық үрейлі кейіпте елестетеді және де мұны ең соңғы өлу деп те қорқатындығын жасырмайды. Жоқ! Біз өзге тілдерден қорықпауымыз керек. Керісінше,

сол тілдерді пайдалана отырып өзімізді өзгелерге таныта білуіміз қажет. Себебі, ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес. Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгірттенбейміз. Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл – ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу - әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білу керек. Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу - ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны - аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні. Ендеше, аталған компоненттерден тұратын, яғни қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділік сөйлермендерін дайындау кезек күттірмейтін мәселе. Мәселені түбегейлі шешу үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарында ағылшын, қазақ тілінен маман болып шыққан қазақ тілді қазақ және басқа ұлт өкілдерін үштілділікке ыңғайлап қайта дайындаудан өткізіп, оларға үштілділік маманы деген құжат табыс еткен жөн.

Әбу Насыр әл-Фараби атамыз өз заманында жетпіс тілді жетік меңгерген дейді. Біз сол үшін өзіміздің ұлы тұлғаларымыздан үлгі алуымыз керек. Тарихқа үңілетін болсақ біз заманында қауһарлы елдердің әлсіз елдерді басып алып өзінің саясатын жүргізіп сол елге білімі мен тілін үйреткенін байқадық, кейбір елдер өз тілін ұмытып жоғалтып алса, кейбіреуі көзінің қарашығындай сақтап қалды. Қолдағы бар алтынның қадірі жоқ демекші, біз өзімізге қазіргі уақытта маңызды құндылықтарымызды бағалай алуымыз және оны ары қарай дамытуымыз ертеңгі ел болашағына зор үлес қосу деп санаймын. Болашақ жастар көп тіл білгеннен ұтылмайды керісінше көп нәрсені талдау, саралау кезінде ұтымды көзқарас жасай алады. Қазақстанды шет елге танытуға да көп көмегін береді.

Әдебиеттер.

1. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. – 2012. – № 218–219. – 10 июля.
2. «Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту» тәсілін қолдану жөніндегі мұғалімдерге арналған басшылық, Назарбаев Зияткерлік мектебі ДББҮ

Активизация познавательной деятельности младших школьников посредством игры

Тавбаева Б.О. ККСШ имени М.Арына

С древнейших времен педагоги ищут способы наилучшего обучения детей. Ставятся задачи определить такие методы и технологии, чтобы оно протекало быстро и качественно, с разумными затратами сил учителей и учеников. Испробовано уже многое. Не осталось ни одного более или менее очевидного пути, по которому бы не пытались идти учителя.

Среди проблем, обращающих на себя внимание современных исследователей, все большее значение приобретают те, которые связаны с поисками путей повышения качества и эффективности целенаправленного воспитания в условиях современного обновлённого содержания образования.

Ценность игры как воспитательного средства заключается в том, что, оказывая воздействие на коллектив играющих детей, педагог через коллектив оказывает воздействие на каждого из детей. Организуя жизнь детей в игре, педагог формирует не только игровые отношения, но и реальные, закрепляя полезные привычки в нормы поведения детей в разных условиях и вне игры- таким образом при правильном руководстве детьми игра становится школой воспитания. Используя игру как средство ознакомления с окружающим миром, педагог имеет возможность направить внимание детей на те явления, которые ценны для расширения круга представлений. Руководя игрой, педагог воспитывает активное стремление делать что-то, узнавать, искать, проявлять усилие, и находить, обогащает духовный мир детей. А это все содействует умственному и общему развитию. Этой цели и служат дидактические игры.

Игра – наиболее доступный для детей вид деятельности, способ переработки полученных из окружающего мира впечатлений. В игре ярко проявляются особенности мышления и воображения детей, его эмоциональность, активность, развивающаяся

потребность в общении. Интересная игра повышает умственную активность ребенка, и он может решить более трудную задачу, чем на занятии.

В настоящее время в литературе выделяют множество различных игр. Из своего опыта на уроке русского языка в 1 классе при проверке знаний учащихся я использовала разные игры. Например:

Игра «Третий лишний».

В каждом столбике они находили лишнее название по картинкам.

Игра «Что на ком одето?»

Называла предметы одежды, а дети, на которых одета называемая вещь, должны встать.

Игра «Дед Мороз»

Дети стояли в кругу, а в центре учитель в роли Дед Мороза. Называла те части тела, которые хотел заморозить (глаза, уши, нос...), а дети их прятали.

На развитие памяти и внимания использовала игры:

Игра «Ромашка»

Я называла разные цвета, а ученики рисовали лепесток ромашки данного цвета. Получился цветок с семью лепестками разного цвета.

Игра «Воздушные слова».

В воздухе писала простые слова, а ученики читали и записывали их в тетради. Выигрывал тот, кто справился с заданием лучше других.

Следующий вид игры проводила во 2 классе.

Игра «Слушаем и рисуем»

Читала несколько раз сказку «Добрый волшебник». Ученики слушали и рисовали небольшие рисунки. Затем по рисункам воспроизводили текст. Выиграл тот, кто лучше всех сделал.

Игра «Угадай глагол».

Ученик показывал перед классом какое либо движение, ученики называли глагол обозначающий это движение.

Игра «Теремок».

Расставили стульчики спинкой вперёд. Построили из них «теремок». Распределили в роли маленькой зелёной лягушки, большой рыжей лисы, маленького серого зайчика и т.д. Игра начинается со стука в дверь. По очереди спрашивают кто там живёт?

Дидактическая игра выступает прежде всего в форме решения поставленной учебной задачи и даёт школьникам моральное и умственное удовлетворение. Для учителя результат игры всегда является показателем уровня достижений учащихся в освоении знаний или в их применении. Все структурные элементы дидактической игры взаимосвязаны между собой и отсутствие любого из них разрушает игру.

Игры можно использовать на разных этапах усвоения знаний: на этапах объяснения нового материала, его закрепления, повторения, контроля. Игра позволяет включить в активную познавательную деятельность большее число учащихся и должна в полной мере решать как образовательные задачи, так и задачи активизации познавательной деятельности. Отсюда можно сделать вывод о том, что использование игры необходимо при обучении детей младшего школьного возраста.

Литература.

1. Активизация познавательной деятельности младших школьников/ Под редакцией М.П.Осиповой, Н.И.Кончаловской. М.,2004.-С. 37-45
2. Кайдаш Е.Г. Развитие познавательных интересов в учебном процессе/Начальная школа. - №12, 2005.
3. Никитин Б.П. Ступеньки творчества или развивающие игры. – М.,2005

Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде ағылшын тілі пәнін оқытудың тиімді жолдары

Курмалақова А.Н. №36 ОМ

Қазір таңда ағылшын тілін білу – уақыт талабы болғандықтан, ағылшын тілін оқытудың парадигмасы өзгерді. Шет тілін оқытуды басты рөлін түсіну үшін, білім беру мекемелерінде

мұғалімдерге оның негізгі әдіс-тәсілдерін, құрылымын жақсы білуі қажет. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ағылшын тілі пәнінің ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндетті. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік.

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек.

Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі тиімді жолдарының мақсаты-критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолдану. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білу, оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Тілді үйрену сабақтарында оқушылардың тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту сабақ барысында жүзеге асып отыруы тиіс және жазудан гөрі оқушылардың тыңдап түсінуіне, сөйлеуіне көбірек назар аударылады, өйткені бұл жаста балалардың көбі есту, көру арқылы есте сақтайды. Бастауыш сыныпта ата-аналардың көмегі де өте маңызды. Егер олар бүгін сабақта үйренген сөздерін күнделікті үйде қайталап отырса, келесі сабақта балалар оны ұмытпай еркін қолданатын болады. Қойылған мақсаттарға жету үшін бастауыш оқушыларының сөйлеу дағдыларын жетілдіру, дамыту және сабақта ойын түрлерін қолдануы керек. Өйткені, ойын – көңіл-күй, ойлау күштерін талап ететін, ұйымдастырылған сабақ болып табылады. Әр кез ойын шешім қабылдауды ұсынады, себебі, жеңіске жету мақсаты болады. Осы сұрақтарды шешуде ойлау шығармашылықтары қалыптасады. Пән бойынша алған білімі емес, тіл бойынша дайындығы төмен оқушылар ойында алдыңғы, бірінші болуы мүмкін, себебі, олардың тапқырлығы, жинақтығы ойын барысында көрінеді. Мысалы 1 сыныпқа арналған бір сабағымды алып көрсетсем, «My family» яғни, өзін және отбасымен таныстыру. Бұл тақырыпта оқушы отбасы мүшелерімен танысады. Танысу барысында «This is» құрлымымен және «my» есімдігімен толықтай меңгеріп шығады. Сондай-ақ бұл құрлымдарды оқулыққа арналған дискіден оқушылар тыңдап, қайталап және көзбен көріп сөйлей алуға дағдыланады.

«Жаз және көрсет» - деген тәсіл оқушылардың шет тіліндегі сөздің қорларын қарым-қатынас жасау үрдісінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл де – әмбебап тәсіл болып табылады, мұны лексика мен грамматиканы бекітуге қолданылады. Қарым-қатынаста қабілеттерін дамыту үшін өлеңдер қолданылады. Әндердің оқушылар үшін қызықтылығы мынада: олардың не жайында айтылатында, қандай әуен түрінде орындалатындығы. Әндер оқушыларға бірдеңе жайлы хабар береді, қызықтырады, яғни қарым-қатынаста бірінші орынды алуға итермелейді. Бұл жағдайды оқушылар шығармашылық жұмыс арқылы, яғни отбасы мүшелері суретін салып және жазып, басында түсіндірілген құрлымды қолданып айтып шығады. Бұл жерден оқушылардың толық жұмысқа қамтылуы байқалады. Осыдан келе сурет салу барысында ән қосымша орындалса, оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, сабаққа деген ынталары, қызығушылықтары молайады. Осы оқулықтан көретініміз, әр тақырыпқа ән бірге берілген және сол әннің бейне баяныда бірге берілген. Оқушылар әндерді үйрену барысында, жаңа ақпараттар алады, шығармашылық қызығушылықтарын қалыптасуына

септігін тигізеді. Мысалы, оқушылар, өлеңді үйрену барысында, дене мүшелері мен сезім мүшелерінің, ағылшын тіліндегі атауымен танысады. Эстетикалық мотивация жайлы айтпай кетуге болмайды. Әсіресе, эстетикалық мотивация-ойлауды дамытады, көңіл-күй, ойлау, жағымды сезімдерді қалыптастырады. Бұлардың барлығы оқушылар шет тіліндегі өлеңді сүйіп қызығушылықпен орындаған жағдайда ғана жүзеге асады. Тілді үйрету үрдісінде әндер-дәстүрден тыс мерекелік элемент ретінде білім алушылардың эмоционалды ортасына (кеңістігіне) өз әсерін тигізеді. Өзге оқыту барысында тіл шығармашылығын әуен түрінде қолданғанда, материал тез жатталып, шаршағандарын басады.

Әндерді орындау мынандай қабілеттерді арттырады:

- айту дағдыларын жетілдіреді, дауыс ырғағы және ырғақ артикуляциясындағы нақтылықты жетілдіруге мүмкіндік береді, шет тілі бойынша тілін, сөздік қорын байытады,
- тыңдалым, оқылым дағдыларын, біліктілігін арттырады.
- монологтық, диалогтік айтылуларды қалыптастырады.
- сөйлеудің дайындалған, еркін түрін дамытады.

Оқу материалдарының мазмұнын іріктеу барысында тез жатталатын, эмоционалды, бояуы қанық материалдарды алғаны дұрыс. Сабақ материалдарына нақты кейіпкерлерді енгізген жөн. Жұмыс барысында оқушылармен, оқулықтағы мәтіндерді ғана қолданбай, мұғалім бейнесабақтарды қолдануға мүмкіндігі бар. [2,55б] Өзге тілдегі қарым-қатынасқа байланысты коммуникативтік тапсырмалар білім алушыларда үлкен қызығушылық тудырады. Егерде сөйлеу барысында сөздерді көп қолдансан, балалар жақсы жаттайды. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялар. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды. ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериялық бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілуі жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер

тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз.

Әдебиеттер.

1. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Астана, 28 сәуір. - 2007 жыл.

2. Бочарова Л.П. 1996; - 276. «Игры на уроках английского языка в младших классах для развития речевых навыков и умений»

3. Гальскова Н.Д. 2004; - 556. Теория и практика обучения иностранным языкам. Начальная школа.

География сабағында карта түрлерімен жұмыс және есептер шығару арқылы оқушылардың білімін тексеру жолдары

Есенғалиева Т.У. №47 ОМ

Географиялық карта - Жер бетінің кішірейтіліп, жинақы түрде жазықтықта шартты белгілермен бейнеленуі.

Бұлайша көрсетілген географиялық карта Жердің географиялық қабығындағы табиғат және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың арасындағы әр түрлі жағдайдағы байланыстардың бір-бірімен ұштасуы мен олардың қандай мақсатқа арналатыны ескеріліп, осы тұрғыдан іріктелініп алынғанын көрсетеді. Географиялық карта Жердің географиялық қабығының кеңістіктегі ерекше модельдік бейнесі ретінде көруге болады. География сабақтарында карта – географияның екінші тіліндей, сонымен бірге жинақы да, түсінікті. Бұл оқушылар үшін ғылыми білімнің және жан-жақты ақпараттың көзі. Мұғалім оқушыларға географиялық картаның мазмұнын толық игеруді үйретуі керек.

Тақырыпты оқып үйренудің барысында оқушылардың географиялық білімді игеруін және жүзеге асуын қамтамасыз ететін картамен жұмыс істеу әдістерін және картаны пайдалана отыра географиялық есептеулерді меңгеруге көп көңіл бөлу керек.

Карта–география білімінің теңдесі жоқ көзі болуымен қатар, маңызды көрнекі құрал екендігін, бірақ ол тек оқи алатындарға ғана пайдалы екендігін дәлелдейтін әр түрлі тапсырмалар мен есептеулер даярлау маңызды.

Оқушылардың әр түрлі мазмұндағы карталармен жұмыс жүргізуге үйрету үшін тек біртіндеп күрделеніп отыратын тапсырмалар жүйесін жүзеге асырғанда ғана мүмкін. Осыған байланысты картамен жұмыс жүргізудің әдістерін игеру үшін практикалық сабақтар оқулықтың оқушыларды картаның тілін түсінуге жетелейтін бөлімдерінен басталады.

1. Оқушыларды жаңа картамен таныстыру–ол тек шартты белгілерін айтып шығу емес, сонымен қатар, карта арқылы есептеулер жүргізіп картаны мұғалімнің тікелей таныстыруымен ол картаны оқушылардың пайдалануға үйренуін біріктіретін мақсатқа бағытталған жұмыс.

Әрбір оқушы бір картамен «таныстыруды» даярлайды. Тапсырманы орындау барысында ол қысқаша тарихи анықтама беретін әңгіме дайындайды. Географияны оқып үйренуде таңдап алған картаның өмірдегі маңызын түсіндіре отырып, оның шартты белгілерін оқуға арналған тапсырмалар даярлайды. Мысалы: топографиялық карталарда жер бедері, құрлық жолдары мен темір жолдары, өзендер мен көлдердің, өнеркәсіп орындарының, төсеніш беттің бейнелену ерекшеліктеріне байланысты нақты сұрақтар қою.

Өзендерге байланысты есептер де беруге болады. Мысалы гидросфера тарауы бойынша Іле өзенінің еңістік мөлшерін тап $H_1=4000$ м, $H_2=350$ м Жауабы: $I=\{H_1-H_2\}$; $L=4000-350:1700$ м=2,6 м L-өзеннің ұзындығы, I-еңістігі, H_1 -бастаудағы h, H_2 -сағадағы h.

Әңгіме оқулықтың тараулары мен ғылыми әдебиеттеріне сай оқудың негізінде құрылады. Тапсырманың тәжірибелік бөлімі оқушыларға таныстыратын картаны мұқият қарап, оқып үйренуіне негізделеді.

Оқушылар тапсырманы даярлауға мұғалімнің түсіндіруіне дейін қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, картаның басты ерекшеліктерін өз беттерінше аша ала ма, соны ескерулері керек.

2. Оқушыларға анық жекелей елес қалыптасыру үшін, табиғаттың жеке объектілерін суреттейтін материал таңдап алу. Мысалы: атмосфера тарауы бойынша картадан изотермаларды тауып көрсетіп, есептейді. А) Жер бетінде ауа температурасы $+20^{\circ}\text{C}$, 3шқ биіктіктегі t° -қандай? Жауабы: $6^{\circ}\times 3\text{шқ}=18^{\circ}\text{C}$, $20^{\circ}-18^{\circ}=+2^{\circ}\text{C}$; Ә) Жер бетінде ауа температурасы $+8^{\circ}\text{C}$ болса, 660м тереңдікте температура қандай? Жауабы: $660\text{м}:33^{\circ}=20^{\circ}\text{C}+8^{\circ}\text{C}=28^{\circ}\text{C}$; Сыныпта нақтылы географиялық объектіні суреттейтін хрестоматиялық материал таңдап алу. Бағдарламаны пайдалана отырып осы объектінің қай сыныпта бірінші рет оқылатынын анықтау, оны сипаттауды оқулықтан тауып алып, өзіне тән ерекшеліктерінің қалай берілгендігін анықтау, мазмұнының толықтығын бағалау. Одан соң оқушылардың санасында табиғаттағы географиялық құбылыстармен объектілер жайында нақтылы «бейне» жасау үшін қандай қосымшалар қажет екендігін анықтау керек. Осы объектіні картада (қабырға картасынан және географияның осы курсына арналған атластан) мұқият қарап, оқушылардың одан бұл объектінің ерекшелігі және табиғаттың басқа компоненттерімен байланысты жайында не «оқи алатындығын» анықтау. Одан кейін табиғаттың айқын бейнесін көрсететін бір объектіге (жекелей елес) қысқаша сипаттама беруді даярлау керек. Ол объектіні басқалардан ерекшелік жасайтын болсын, мысалы, Чад көлінің Африканың басқа көлдерінен ерекшелігі.

Тапсырманы сыныпта орындағанда мыналар қажет:

Объектінің ауданын дәл анықтау және оның атын атау (қиын аттар тақтаға жазылады), атаудың шығуын не аудармасын (егер оған мүмкіндік болса) түсіндіру, географиялық орны мен шекарасын анықтау және бағалау (географиялық орнын жақсы түсіну үшін оқушылардың өздеріне өмірден белгілі, жақын нысана аталады).

Объектінің табиғатын сипаттайтын ең негізгі ерекшеліктерін, қасиетін, фактілерді хабарлау, оның маңызын, қазіргі немесе өткен тарихи мәліметтерін атау. Сұрақ жаттықтыру үшін қойылады.

Сөйтіп, бұл тапсырманы заттың сыртқы қасиетіне қарай бөлшектеу үшін материалдарды іріктеп және объектіні картадан көрсету әдістерін игеруге арналған жаттығу деп қарау керек. Оқушылардың барлық хабарлауы 5-7 минуттай болсын.

3. Оқушыларды әр түрлі мазмұндағы карталарды оқу және оларды жалғастыру (беттестіру) тәсілдеріне үйрету.

Физикалық, климаттық карталарды және 8-сынып оқулығы ішіндегі карта-схемаларды беттестіру арқылы материктердің әр жерінде жауын-шашынның әр түрлі түсуін анықтайтын мысалдар ойлап табу. Мысалы: Петропавл қаласында буланушылық мөлшері 500 мм, жауын-шашын 500мм. Ал, Қызылорда қаласында буланушылық 900мм, жауын-шашын 150мм болғанда, ылғалдану коэффициенті қаншаға тең болады? Табу керек. Екі қаланың ылғалдану коэффициентін табу. Шешуі: $K=\text{Ж}:\text{Б}$ формула бойынша есептесек. Петропавл қаласында $K=500:500=1$ Қызылорда қаласында $K=150:900=0,17$ Жауабы. Петропавлда $K=1$ -ге тең, ылғал жеткілікті (орманды дала, дала зонасы кездеседі). Ал, Қызылорда қаласында $K=0,17$ -ге тең. Ылғал жеткіліксіз (шөлейт, шөл зонасы орналасқан).

Бұл жұмыстарды орындау үшін, картаны оқуды негізге ала отырып, сол территорияның табиғатына сипаттама берулері керек, сипаттамада себеп-салдар байланысы ашылатын болады.

Сол сияқты карталарды беттестіру әдісін пайдалану мен жүйелі түрде сипаттама беру кезінде оқушылардың түсіну қабілетіне басшылық ретінде қойылатын сұрақтар мен тапсырмалар ойластыру керек.

Сабакта оқушылар жұмыстың барысын талдайды. Сұрақтарға оқушылардың жауап беруі мүмкін деген жауаптар қайтарады.

4. Жеке объектілерге (тау, өзен т.б.) сипаттама беру. Мысалы : Жоспар бойынша бір өзенге сипаттама беру. а) өзеннің атауы; ә) географиялық орны, бастауы; б) саласы, сағасы; в) құяр жері т.б.

5. Карта бойынша табиғатқа комплексті сипаттама беруде тапсырмалардың біртіндеп күрделене беруін анықтау керек.

Карта оқушылардың географиядан территориялық комплексте (ТТК) сипаттама беру
Осы ТТК-ны құрайтын табиғат компоненттері арасындағы себеп-салдар байланыстарын анықтауға да зейін аударған дұрыс; а) территория жайында жалпы мағлұмат жазып оны қысқаша сипаттау; б) көзге түсерліктей ерекшеліктерін белгілеу және ол ерекшеліктердің себептерін бағалауалған білімдерін тексерудің тиімді құралы.

Карта бойынша географиялық білімді тексерудің негізгі жолдарына:

1. Топографиялық карта бойынша тексеру: қашықтықты, ауданды, биіктікті, географиялық, тік бұрышты координатты, белдеулік уақытты анықтауға арналған есептер беру арқылы; Мысалы: Алматыда (77°ш.б.) сағ 15 болғанда Вашингтода 74°б.б. неше? Жауабы: $77^\circ + 74^\circ = 151^\circ \times 4 \text{ мин} = 604:60 \text{ мин} = 10 \text{ сағ}; 15 \text{ сағ} - 10 \text{ сағ} = 5 \text{ сағ}$. Вашингтонда таңғы 5 сағ.

2. Контур карта бойынша, тексеру: жеке материктер бойынша өтілген номенклатураларды қайталау, түсті сиямен (жеке сыныптар үшін) теңіздердің, өзендердің, таулардың т.б номенклатураларын түсіру. Ара қашықтықты өлшеу, горизонт жақтарын анықтау, шеткі нүктелерді табуға арналған тапсырмалар беру. Мысалы : Оңтүстік Американың солтүстігінен оңтүстігіне дейінгі арақашықтықты градуспен километрмен табыңдар? Шешуі : Галинас мүйісі $120. 111 \text{ км} \times 120 = 1332 \text{ км}$.

3. Карта мен глобусты пайдаланып өлшеу жұмыстарын жүргізу: ең қысқа әуе жолдарының ұзындығын анықтау, мұғалімнің айтқан координаттарына сүйене отырып, контур картаға түсіретін қиялдау экспедициясының маршрутын жасау. Ол маршруттың ара қашықтығын карта мен глобустан анықтау, Жер пішіні мен көлемі , жер айналымы мен оның салдарларын дәлелдеу үшін тапсырмалар беру т.б; Мысалы самолет $50^\circ \text{ с.е пен } 0^\circ \text{ ш.б. шығып } 5550 \text{ км}$ оңтүстікке қарай ұшты, одан әрі батысқа бұрылып 2220 км ұшты. Солтүстікке қарай тағы 1110 км ұшты. Самолет қай жерге қонды?

Жауабы: 1° меридианның ұзындығы 111 км екені белгілі . Алдымен самолет оңтүстікке қарай 50° ұшты. ($5550: 111 = 50^\circ$); $5^\circ \text{ с.е пен } 0^\circ \text{ ш.б-пен } 50^\circ$ оңтүстікке ұшып экватор мен бастапқы меридианның қиылысу нүктесіне келді. Сосын батысқа қарай экватор бойымен 20° ұшты. ($2220:111=20^\circ$) Одан әрі самолет экватордан $20^\circ \text{ б.б. меридиан бойымен солтүстікке}$ ұшты, яғни ($1110:111=10^\circ$) Самолет $10^\circ \text{ с.е пен } 20^\circ \text{ б.б}$ қонды.

4. Карталарды оқу және беттестіру арқылы орындалатын жұмыстар: Материктің кез-келген бір территориясының рельефі мен қазба байлықтарына толық сипаттама беру үшін атластың тектоникалық, геологиялық, физикалық карталарымен және оқулықтағы геохронологиялық таблицалармен оқу және беттестіру жұмыстарын жүргізу,

5. Атластарды және тақырыптық карталарды пайдаланып салыстырмалы сипаттамалар жасау. Мыс: жеке облыстардың табиғатына сипаттама беру, шаруашылығына сипаттама беру.

Әдебиеттер.

1. Педагогические инновации в национально–региональном компоненте содержания образования // Учитель. – 2005 .№ 6 С. 56-59.

2. Условия эффективности инноваций: зарубежный опыт и российская практика // Директор школы.- 2006.-№ 5.С. 45-48.

3. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования/ Под ред. Полат Е.С.- М.: Академия,2005 – С. 272-274.

4. Қ.Қабдықайырұлы, В.М.Монахов, Л.Н.Оразбекова, Т.Ә.Әлдібаева Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы, 1999. 149-151 б.

Формирование функциональной грамотности на уроках русского языка с казахским языком обучения

Улыкпанова А.З. СШ №29

Главными функциональными качествами личности являются инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, умение выбирать нестандартный профессиональный путь , готовность обучаться в течение всей жизни. Все данные функциональные навыки формируются в условиях школы."

Функциональная грамотность - использование знаний, умений и навыков, приобретенных в школе, для решения широкого диапазона жизненных задач в различных

сферах человеческой деятельности , а также в межличностном общении и социальных отношениях.

Задача современной системы образования состоит не в передаче объема, знаний не в определении уровня освоения школьных программ , а в оценке способности учащихся применять полученные знания и умения в жизненных ситуациях.

Высокий уровень сформированности функциональной грамотности у учащихся предполагает способность эффективно участвовать в жизни общества , способность к саморазвитию, самосовершенствованию, самореализации. Следовательно, обществу нужен человек функционально грамотный , который умеет работать на результат и способен к определенным социально значимым достижениям, потому что он способен:

- Быстро читать печатный и рукописный текст;
- Глубоко понимать прочитанное;
- Формировать свой взгляд на полученную информацию;
- Умело выражать , убедительно обосновывать свое мнение;
- Применять новые идеи в жизни.

Виды функциональной грамотности:

- Грамотность чтения - казахский и русский языки - способность к осмыслению письменных текстов и рефератов
- Математическая грамотность
- Естественнонаучная грамотность

Термин «функциональная грамотность» шире , чем понятие «грамотность», в котором подразумевается умение читать и писать.

Выделяется несколько основных видов функциональной грамотности на уроках русского языка:

- коммуникативная грамотность - предполагает свободное владение всеми видами речевой деятельности ; способность адекватно понимать и самостоятельно выражать свой мысли в устной и письменной речи;

- информационная грамотность - уметь осуществлять поиск информации в учебниках и из других источников, перерабатывать и систематизировать информацию и представлять ее разными способами ;

- деятельностная грамотность - способность ставить и словесно формулировать цель деятельности, планировать и при необходимости изменять ее, словесно аргументируя эти изменения, осуществлять самоконтроль, самооценку, самокоррекцию.

Базовой способностью в формировании функциональной грамотности является способность понимания текста как важнейших из тех, которыми должны владеть выпускники школ в современных условиях: освоить культурные образцы важнейших способов понимания текста, понимание общего смысла текста, авторской позиции; различение позиции автора и позиции героя; понимание логической структуры текста

К методическим факторам , которые мы учитываем в первую очередь , включая тексты в учебный процесс, относим критерии отбора текстового материала; виды работ,целесообразных со стороны включения текста в урок; организация урока с использованием возможностей опоры на текст.

Формирование функциональной грамотности на уроках русского языка подразумевает не только развитие коммуникативной компетенции , но языковой и лингвистической. Таким образом языковая компетенция предусматривает знание системы языка , развитие чувства языка и формирование орфографической и пунктуационной грамотности , а лингвистическая направлена на формирование мировоззрения о языке, изучение его истории, а также освоение трудов лингвистов и культурологов

В сегодняшних условиях существуют множество методов и приёмов работы с текстом, направленные на формирование функциональной грамотности.

Например, при формировании умения ставить перед собой цель вначале учащиеся под руководством учителя приобретают опыт целеполагания на уроках. Затем организуется их мотивация, знакомство с понятием цели деятельности и алгоритмом целеполагания. Далее учащиеся начинают уже самостоятельно применять изученный способ постановки учебной цели на предметных уроках и во внеурочной деятельности, рефлексировать свой опыт,

основываясь на согласованном общем способе, уточнять и корректировать свои действия, осуществлять самоконтроль. Здесь, собственно, у учащихся и формируется функциональная грамотность, обрабатывается, закрепляется требуемое умение.

Например, метод дискуссий, дебатов можно вводить в практику работы уже с учащимися 5 класса. В старшем подростковом возрасте предложенный метод наиболее интересен, так как способствует формированию умений вступать в контакт с любым типом собеседника и поддерживать контакт в общении, соблюдая нормы и правила, слушать собеседника, стимулировать собеседника к продолжению общения, изменять при необходимости речевое поведение.

Такой метод позволяет учащимся свободно излагать свои мысли, свое мнение, точку зрения, а также проводить связь с жизнью. Индивидуальная форма работы на уроках с применением приемов «Фишбоун» (рыбья кость), «Инсерт», «Трехчастный дневник», «Оценочное окно», «Синквейн» помогает учащимся интерпретировать, систематизировать, критически оценивать, анализировать информацию, делать аргументированные выводы.

Использование инновационных педагогических технологий : исследовательский метод, дискуссии, мозговой штурм, технология «критического мышления», технологии проектной деятельности, технологии продуктивного чтения, пирамида Блума , приемы работы с текстом, развивающие функциональную грамотность учащихся, интерактивные, групповые формы и методы, коллективный способ обучения играет большую роль. Данные технологии развивают творческую активность, формируют мыслительную деятельность, учат школьников отстаивать свою точку зрения, помогают добиться глубокого понимания материала.

Приёмы, используемые в рамках данных технологий, удовлетворяют потребность в творчестве учащихся, развивают способность к лаконичному изложению мыслей в устной и письменной форме, активизируют мыслительную деятельность учащихся, и в общем способствуют формированию различных компетенций. Например, развивает умение воспринимать информацию, способность к рефлексии прием «Знаю - хочу узнать - узнал - научился». Этап «Знаю» предполагает работу в паре: что я знаю о теме урока; «Хочу узнать» - формулирование цели; «Узнал» — соотношение старой и новой информации; «Научился» - осознание результативности деятельности.

Повышают мотивацию к изучению материала, развивают умение прогнозировать приемы:

«Верные – неверные утверждения», «прогнозирование». Используя приём «верные - неверные утверждения», предлагаю ученикам несколько утверждений по ещё не изученной теме. Дети выбирают верные утверждения, полагаясь на собственный опыт или просто угадывая. На стадии рефлексии возвращаемся к этому приёму, чтобы выяснить, какие из утверждений были верными.

Основу содержания литературы как учебного предмета составляют чтение и текстуальное изучение художественных произведений. Ф. Вольтер писал «Чем более читаете и размышляете, тем более уверяетесь, что много знаете, а чем более размышляете читая, тем яснее видите, что знаете еще очень мало».

Грамотно читать - это значит размышлять над содержанием текста, оценивать смысл и значение текста и научиться излагать свои мысли о прочитанном. И поэтому передо мной встал вопрос: какие виды работ должен применять учитель на своих уроках, чтобы довести до сознания каждого ученика нужность и важность получаемых знаний. Обычно учитель-словесник в процессе преподавания использует так называемые *сплошные* (традиционные) тексты разных типов и стилей речи. Однако в жизни человеку часто приходится сталкиваться с так называемыми *несплошными* текстами

Работа с несплошными текстами помогает формировать коммуникативную личность, развивает у учащихся такие умения, которые в дальнейшем используются в жизни. Поэтому можно утверждать, что работа с несплошными текстами на уроках русского языка реализует коммуникативно - деятельностный подход: текст является коммуникативной единицей, способной организовать дальнейшую деятельность индивида. Способности к ней формируются у школьников лишь тогда, когда они не пассивно усваивают новое знание, а включены в самостоятельную учебно-познавательную деятельность

Правила отбора сплошных текстов к заданиям на функциональное чтение

- текст должен быть ученику интересен.
- текст должен содержать неизвестную ученику информацию
- уровень трудности текста должен соответствовать возрасту ученика
- незнакомые слова должны “вычитываться” из текста или быть представлены в сносках
- текст должен развивать кругозор
- текст не должен быть перегружен цифрами, датами, терминами.
- иллюстрации не отвлекают, а помогают разобраться в содержании текста.

Целостное восприятие и понимание литературного текста, умение анализировать и интерпретировать текст возможно при опоре на следующие виды деятельности:

- осознанное, творческое, выразительное чтение художественных произведений разных жанров;

- пересказ (подробный, краткий, с элементами комментария, с творческим заданием);
- ответы на вопросы;
- анализ и интерпретация произведения;
- составление планов;
- характеристика литературного героя;
- написание отзыва о произведении;
- написание сочинения.

Для осмысления содержания текста, обнаружения личностного смысла чаще всего использую приемы:

«Чтение с остановками», «Чтение с пометками», «Составление кластера».

Развивает умение задавать вопросы прием «Толстые и тонкие вопросы». «Толстые и тонкие вопросы» отлично вписываются в любой этап урока:

- На стадии актуализации полученных знаний приём помогает вспомнить пройденный материал.
- На этапе осмысления вопросы служат для усвоения знаний по ходу их изложения (например, в процессе чтения текста или составления конспекта).
- В процессе закрепления информации с помощью размышлений в рамках «Толстых и тонких вопросов» дети с успехом могут продемонстрировать полученные знания, умения и навыки.

К приемам письменной рефлексии, помогающим творчески интерпретировать информацию, относятся:

1. Написание эссе.
2. Составление телеграммы, памятки, инструкции.
3. Стихотворение по алгоритму.
4. Письмо по кругу.
5. Синквейн

6. Диаманта (можно использовать для проверки знаний учащихся по изучаемой теме, в этом случае можно использовать текст с пропусками. Диаманта также может быть использована для рефлексии и обобщения изученного)

Задания, направленные на формирование базовых познавательных уровней:

1. Закончите начатые фразы подходящими словарными словами из списка, ставя их в нужную форму

2. Выясните какие фразеологизмы и поговорки используются по – русски в ситуациях, когда англичане говорят:

3. Ответьте верные и неверные определения знаками «+» и «-» Предложенные технологии, приемы, методы, компетентностно -ориентированные задания направлены на формирование информационной и коммуникативной компетентности учащихся.

На любом этапе урока учащимся можно задать вопрос: «Где вам может пригодиться изучаемый сейчас на уроке материал?» После чего ученики самостоятельно (индивидуально или в группах) пытаются найти ответ на поставленный вопрос, а потом поочередно перед всем классом доказывают, что изучаемый материал имеет конкретную прикладную или теоретическую ценность. Ценность _ данного методического приема в том, что ученики действительно начинают осознавать значимость изучаемого материала.

Таким образом, систематическое применение всех методов и приемов служит развитию ключевых и предметной компетенций, а на их основе формируется функциональная грамотность школьника.

Литература.

1. С.И.Заир -Бек , И.В.Муштавинская.. Развитие критического мышления на уроке: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 2004.
2. А. Гин Приемы педагогической техники: Пособие для учителя.-М.: Вита-Пресс, 2002
3. Рудик Г.А. Культура умственного труда или 101 техника учения \ Режим доступа :/
www.pedagogiemoderne.ru/index/kultura_umstvennogo_truda/0-44
4. Грамотность чтения - Алматы: "Education Consulting" , 2018.

Қазақ тілі сабақтарында сапаны көтеру мақсатындағы ойын технологиясы

Қалабай А.Ж. №23 ОМЛ

8. Организация работы спортивных кружков и секций.

9. Пакет психолого-педагогических материалов для учителя.

10. Пакет материалов по различным педагогическим технологиям.

11. Личная методическая веб-страница.

13. Пакет бланков и образцов документов для педагогической деятельности.

14. Личные достижения как участника спортивных соревнований различных уровней

Способ демонстрации результата проделанной работы

Презентация результатов работы перед педагогическим коллективом, на заседаниях методического объединения учителей физической культуры района

Форма отчета по проделанной работе

Обобщение опыта работы на уровне школы.

Представление администрации школы отчета с анализом, выводами и рекомендациями для других учителей.

Литература.

1. Артамонова, Л. Л. оздоровительная физическая культура / Л.Л. Артамонова. - М.: Владос, 2010. - 559 с.

2. Бароненко, В. А. Здоровье и физическая культура / В.А. Бароненко, Л.А. Рапопорт. - М.: Альфа-М, Инфра-М, 2010. - 336 с.

3. Вайнер, Э. Н. физическая культура / Э.Н. Вайнер. - М.: Флинта, Наука, 2015. - 424 с.

4. Глазырина, Л.Д. Методика преподавания физической культуры. 1-4 класс / Л.Д. Глазырина.

Химия пәнінен жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану

Сәкен Р.С. Елек ОМ

Қай кезеңде, қай қоғамда болмасын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласында түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаз қолында. Заманауи қоғамның зиялы азаматын білім беру сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан жаңаша ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адам тәрбиелеу.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

Қазіргі уақыттағы жаңа педагогика ғылымындағы проблема ол - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Жаңа технологияның әдіс-тәсілдері оқушылардың білімін толықтыруға көмектеседі. Осыған орай озық тәжірибе, жаңа технологияның тиімді әдістерін таңдап алып, оларды үйлесімді, тиімді және шығармашылықпен пайдалану - ұстаз шеберлігінің белгісі.

Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру, білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденуін, танымын қалыптастыру.

Практика кезінде өз сабақтарымда қолданып жүрген әдіс - тәсілдер: «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісімен оқушылар мәтінмен танысады, бірінші топ тапсырма немесе сұрақтар дайындайды, екінші топ жауап береді және үшінші топ тапсырма немесе сұрақтар дайындайды, төртінші топ жауап береді.

«Суреттер сөйлейді» әдісінде суретте қоспаларды бөлу әдістері бейнеленіп, осы әдістерді қоспалардың қандай түрлеріне қолдануға болатынын көрсетініп, сипаттап жазады.

«Кинометафора» әдісінде АКТ пайдалана отырып, берілген суреттерден физикалық және химиялық құбылыстарды атайды. Химиялық құбылыстың негізгі белгілерін атап өтеді.

«Сіз қаншалықты сенесіз» әдісінде жабық сұрақ бойынша сұралады. Жұптық жұмыс арқылы оқушы мен оқушы арасын ЖАДА қалыптастырылады.

«Соңғы сөзді мен айтамын» әдісі бойынша жаңа сабақты пысықтауда айтылым, жазылым дағдысы қалыптасады.

Оқушыларды топтастыру және жаңа тақырыптық оқу мақсатымен таныстыру үшін «Мозайка» әдісінде суреттер қиындылары арқылы

1. Мына суретте не бейнеленген?
2. Тақырыбын қойындар?
3. Берілген суретке қарап өз топтарыңызды болжамдаңдар?

т.с.с. сұрақтар бойынша қойылған сұрақтарға жауап бергенде оқушылар жаңа ұғымның өзіне тән ерекшеліктерін, қасиеттерін, қызметін, маңызын танып анықтайды, зерттейді.

«Сандар сөйлейді» әдісі бойынша топтарға түрлі түсті шарлар беріледі. Шарды жару арқылы бүгінгі сабақта кездескен сандарға жауап жазады және мағлұмат береді.

«Артығын алып таста». Оқушыларға сөздер немесе суреттер жинағын (сабақ тақырыбымен байланысты) көрсетіледі. Олар қай сөз немесе сурет қалғандарына қатысты емес екенін анықтайды.

«Әріптестер». Әр оқушыға не жауабы бар, не сұрағы бар қағаз беріледі. Оқушылар сынып ішінде жүріп, сәйкес келетін сұрақ пен жауапты іздеп табады.

«Танысу үшін оқу және сканерлеу». Бұл тәсіл мәтіннің негізгі идеясын, стилі мен құрылымын анықтау үшін, мәтінді тез көз жүгіртіп оқып шығуды көздейді. Бұл тәсілді болжамдарды дәлелдеу үшін пайдалануға болады.

Мысалы: Мәтінді оқырдың алдында оқушылар өздерінің қандай негізгі ақпарат іздейтіндерін анықтап алулары керек. Олар қандай тірек сөздердің мәтіндегі сол ақпаратты меңзейтініне назар аударуы тиіс. Оқушылар тірек сөздерді іздей отырып, мәтінді жылдам оқып шығады. Оларды тапқан жағдайда, өздерінің іздегені осы ақпарат па екенін тексеру үшін оқушылар тиісті бөлімді оқып шығады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», - деп ел келешегіне үміт артады.

Жалпы қорыта айтқанда, аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізіп, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттыруға үлесімді қосудамын.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін белсендіретін тәсілдердің бірі- белсенді оқу

Кулынтаева Ж.М. №50 ОМ.

Әлеуметтік тұрғыда адамның белсенділігі мен дербестігі оның еңбегінің жемістілігін айқындайды және тапқырлығының мәнін құрайды. Ендеше оқушыларда осы қасиеттің пайда болуын тудыру әрбір ұстаздың негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Осы орайда сабақ сапасын арттыру барлық мұғалімдерді толғандыратын маңызды мәселе болғандықтан бұл ретте білім деңгейінің төмендеу себептерінің бірі – күнделікті сабақты өткізудің стандарты, көптеген мұғалімдердің сабақ үрдісін түгелдей дерлік жаулап алған дәстүрлі сабақтарды айтуға болады.

Осыған байланысты қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Оқыту үдерісін білім мазмұнының жаңартылған бағыты мұғалімнің бағыттауымен оқушының өздігінен білім алуына ықпалы зор.

Жаңартылған білім мазмұны - белсенді оқыту арқылы әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың барлығын сабаққа жұмылдыру, ынтасын, пәнге деген қызығушылығын ояту. Жаңартылған оқу бағдарламаларында пәннің мазмұны және мақсаттары мұғалімдер үшін бірізділігімен тиімді. Бағалаудың жетістік критерийлері де өте жақсы қамтылған.

Мұғалім үшін тиімділігі оқушыны әділ бағалай алуы, мақсаттың нақтылығы, ресурстардың жеткіліктілігі. Оқушы үшін белсенді оқытудың тиімді жақтары, оның жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуінде. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат - оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту, өз бетімен білуге деген белсенділікті дамыту.

Белсенді оқу - шынайы өмірден алынған және ойдан шығарылған жағдайларды қолдана отырып оқушыларды ойланып, күрделі мәселелерді шешуге жетелейді. Білім беру бағдарламасының барлық салаларын барлық сатыларда белсенді оқу тәсілдерімен толықтырып, кеңейтуге болады. Белсенді оқу білім, дағды және көзқарас деп аталатын оқудың негізгі үш саласы қамтып, оқудың бұл таксономиясын «оқу үдерісінің мақсаты» (Блум, 1956) деп санауға болады.

Табиғаты бойынша оқу үдерісі ойлаудан тұруы керек және ми құрылымында өзгеріс жасауға жетелеуге тиіс. Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады. Хэтти (2014) адам миы ақпаратты өңдеп, оны түсінуге мүмкіндік беретінін, ал мұғалімнің тоқтаусыз сөйлеуі миға шамадан тыс аса көп ақпарат «жүктемелейтіні» және ол оқушылардың қызығушылығын жоғалтуға әкеліп соғатынын, сол сәтте оқудың нәтижелілігі айтарлықтай төмендеп кететіні туралы біздің хабардар екенімізді мәлімдейді. Ал белсенді оқу, керісінше, оқушылардың белсенді қызметпен айналысу арқылы мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтап, оны қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді. Хэттидің мидың қызметін талдай отырып жүргізген шолуы дағдыларды меңгерту шеберлігі тек іс жүзіндегі белсенді қызмет арқылы жүзеге асатынын, демек, оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екендігін көрсетеді.

«Белсенді оқыту әдісі» жөніндегі толық жіктелу мәліметті ғалым М.Новик жасады. Ол белсенділікті имитациялық және имитациялық емес топтар арқылы бөліп қарастырады. Соған байланысты сабақтың формасын да имитациялық және имитациялық емес деп анықтайды. Оның пікірінше, имитациялық емес сабақтардың сипаты оқытылатын үрдіс немесе іс-әрекеттердің моделдерінің болмауында. Оқыту белсенділігі оқытумен мен оқушының арасындағы тікелей және кері байланыстары арқылы жүзеге асады. Ал имитациялық сабақтардың айқын ерекшелігі оқытылатын үрдіс (жеке дара немесе ұжымдық кәсіптік іс-әрекеттер имитациялары) моделінің болуында. Сонымен қатар олардың ойындық және ойындық емес болып бөлінуінде.

Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сыныпта қолданылатын бұндай тәсілдер топтық жұмыс (Brodie, 2000), ойын «баламалары» (Bergen, 2002) және пән бойынша белгілі тақырыптағы ойындар кіреді (Peters, 1998).

Бастауыш сыныптарда ойын шынайы өмірдің белгілі бір аспектілерін модельдеу және зерттеу үшін ұсынылған мүмкіндік болып табылады. Бастауыш сыныптарда зерттеу сұрағын келісу үдерісі мұғалімнің көмегімен жүргізілуі тиіс. Мысалы, мұғалімдер оқушылар ұсынатын сұрақтарды келесі түрде жіктеуге көмектесе алады: білген қызық, білгім келеді, зерделенетін негізгі тақырыпты түсіну үшін маңызды. Бұл жіктеу жүйесі алдағы уақытта оқушыларға зерттеуге арналған тиісті сұрақты таңдауда тірек бола алады. Нақты айтқанда, мұғалім сай келмейтін сұрақтарды болдырмау мақсатында, оқу мақсаттарына сәйкес келетін сұрақтардың ғана қамтылуын қамтамасыз етуі қажет. Егер оқушыларға өзі білетін дағдыларды ғана қолдануға рұқсат етілсе, олар ештеңені үйренбейді деуге болады. Рата (2012) өзін тек «үйлестіруші» ретінде ұстайтын мұғалім мұғалім деп аталуға лайықты емес деп тұжырымдайды. Хэтти (2009) педагогикалық тәсілдердің метаталдауын жүргізген. Ол мұғалімдер «үйлестіруші» және «катализатор» болып табылатын тәсілдердің әсерін салыстырды. Ол қолданған тәсілдерді салыстыру үшін, 0 – ілгерілеудің жоқ екендігін, 0,4 – ілгерілеудің бір жыл мерзімін және 1 – ілгерілеудің екі-үш жылын білдіреді. Мұғалім тек үйлестіруші рөлін атқарған тәсілдердің орташа әсері – 0,17, мұнымен салыстырғанда мұғалім катализатор болған (мәселен, кері байланыс ұсыну, оқыту шеберлігі, күрделі мақсаттар қою және т.б.) оқыту тәсілдерінің орташа әсер мөлшері 0,60 болған. Терең білім алу мұғалімдердің

дағдыларына да байланысты, яғни олар оқушылардың жаңа білімдерін бұған дейінгі білімдерімен ұштастыра алуын бақылай білулері маңызды.

Бұл үдеріс әр оқушының жеке дағдысы мен қабілеттеріне байланысты әртүрлі болады. Сол себепті мұғалімдер әр оқушы үшін оқу үдерісінің келесі қадамдарын анықтап, әрі қарай ілгерілеуіне септігін тигізу үшін жекелеген оқушыларды үнемі бағалап отыруы керек. Бақылай отырып, оқудың келесі қадамдарын анықтау үшін ақпаратты пайдалану тәсілі метаталдаудың көмегімен білім беру шараларының табысты түрлерінің бірі ретінде танылып, соңғы 20 жыл ішінде халықаралық деңгейде мойындалып отыр (Black and William, 1998).

Оқытудың белсенді әдістерінің ерекшеліктерін мына кестеден байқауға болады.

Оқытудың белсенді әдістерінің ерекшеліктері					
1	2	3	4	5	6
Білімді берік, саналы меңгеруге жеткізетін практикалық және ойлау іс-әрекетінің бірлестігі	Танымдық іс-әрекетінің белсенділігі үшін жағдай туғызады.	Дәлелдік (себептік) дәрежені көрсетеді.	Таным процесі сезімдік және ақыл-ой нәтижесін береді;	Таным процесінде оқушының оқушымен іскерлік негізіне байланыс орнатуды негіздейді	Шығарма-шылдықтың жоғары деңгейінде дамуын қамтамасыз етеді.

Оқытудың белсенді әдістерін оқушылардың өзін - өзі басқару тәрбиесін жинақтауына әсерін тигізеді.

Сонымен, белсенді оқыту әдісінің (БОӘ) дәстүрлі оқыту әдістерінен келесідей айырмашылығы бар:

- оқушылардың ойлау қабілетін белсендіреді және ол белсенділік ұзақ уақыт сақталып оқу жағдайында өз бетімен шығармашылықпен, ынталандарумен дәлелденген шешімді тез қабылдауына мүмкіндік береді;
- серіктестік қатынасты дамытады, оқушыларды ұжымда бірлесіп жұмыс істеуіне жағдай туғызады;
- оқыту нәтижелілігі берілетін ақпарат мөлшерінің көбеюіне байланысты емес, оны өңдеу тереңдігінің және жылдамдығының өсуіне сәйкес артады;
- оқушы оқу барысында аса көп күш жұмсамай жақсы нәтижеге жетеді.

Әдебиеттер.

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауы: «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір келешек»
2. Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011ж.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012 г.
4. Жайтапова А.А., Рудик Г.А., Белошниченко Е.В., Сатывалдиева А.С. Педагогика 21-го века на пороге школы. Алматы. 2009.
5. Заир – Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроке – М.: Просвещение, 2004 – 175б.

Ақпараттық технологияны мектепалды даярлық класс сабақтарында пайдаланудың тиімділігі

Симатова К.К. №50 ОМ.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында интерактивті технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар әрбір оқушының білім беру үрдісіне

шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады.

Оқу процесінде оқытудың ақпараттық технологияларын тиімді пайдалану және қолдану оқушы тұлғасының дамуына ықпал жасаудың негізгі міндеттерін қарастырады.

Мектепалды даярлық класс сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігін төмендегідей көрсетуге болады:

- уақыттың тиімділігі артады;
- оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігі күшейе түседі;
- жұмыс істеу шеберлігі мен қабілеттілігін арттырады
- бағдарлама бөлімдерін жақсы меңгеруге көмегі тиеді;
- өз жұмысын яғни тапсырмаларды қызыға орындайды;
- өз бетімен жекелей жұмыс істеуге үйренеді.

- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестері мен түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі болады;

Сонымен қатар мұғалім ақпараттық технологияны сабақтарда тиімді, белгіленген уақытпен пайдалана алса, оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге ықпалы зор.

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және он – лайн сабақтары.

Интерактивтік тақта – сабақ түсіндіруде, презентация жасауда, ұжымдық, топтық жұмыстарда жаңа ақпараттық технологияны қолдануда, зерттеуде оқушылармен жұмыс істеуде ыңғайлы құрал. Интерактивті тақта басқа ТСО құралдарына қарағанда тиімді.

- Интерактивтік тақта:

- уақытты үнемдейді
- білім сапасын көтереді
- оқыту әдістемелерінің әр стилін қолдайды
- барлық жастарға арналған оқу бағдарламаларымен сәйкес.
- тақырыптық суреттерді жылдам көрсете отырып, сөздер, сөйлемдер құратып тілін дамыту мүмкіндігі турады.

Интерактивті тақта оқудың әр стилін қолдануға мүмкіндік береді, көру, есту жолдары арқылы ақпарат алмасуға тиімді.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеген мұғалім әрқашан да оқушылардың көңілін өзіне тез аударады, оқушылармен қарым – қатынаста бола отырып электронды оқулықтарды қолданып слайдтар көрсетіп экранға әр түрлі сызбалар, карталар, суреттерді көрсетіп, схема сызып, олардың орнын ауыстырып отыра алады.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеу материалдарды шығармашылықпен пайдалануды көздейді. Дайындалған мәтіндер, кестелер, сызбалар, суреттер, музыка, карталарды пайдалануға болады. Мысалы: Мектепалды даярлық класс сабақтарын оқытуда интерактивті тақтамен жұмыс жасауда оқушылардың қызығушылығын танытып қана қоймай шығармашылық қабілеттерін дамыту мен қатар жаңа ақпараттық технологияны меңгеруге, оны пайдалана алуына мүмкіндік береміз. Сабақта интерактивті тақтаның элементтерін пайдалану, дайындалған арнайы тапсырмаларды тыңдап қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге, дағдыланады.

Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі- ол электронды оқулық. Электронды оқулық - бұл дидактикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе.

Электрондық оқулықты пайдалану - оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Ол оқытушының шығармашылықпен жұмыс жасауына, белсенділігін арттыруына мүмкіндік береді. Оқытушы үшін электрондық оқулық бұл күнделікті дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, тірек-сызбалар, бейнекөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине оқытушының тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, тақырыпқа деген құштарлығы оянады.

Енді, осы ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы жұмыс түрлеріне тоқталып өтуді жөн көрдім. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың бір әдісі ретінде тіл дамыту сабағында әр түрлі суреттерді пайдаланып, оқушыларды жүйелі сөйлесе алсам, қарапайым математикалық түсініктерді қарыптастыру сабағында сандарды қосу, азайтудың қарапайым оңай әдістерін үйрете алдым. Қоршаған ортамен таныстыру сабағында жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін оқушыларға түсіндіруде тақырыптарды презентация жасау арқылы өткіздім.

Презентация:

- сабақтың материалын толығырақ көрсетуге:
- жаңа сабақты түсіндіруді жеңілдетуге:
- анимация арқылы тақырыпты түсіндірудің жылдамдылығын және көлемін мөлшерлеуге жағдай жасауға.
- Оқушылардың дамуына олардың білу қабілетінің белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.
- Дайындалған шығармашылық презентациялар:

Алған білімдерін қорытындылау сұрақ –жауап негізінде және сызбалар, көрнекі-суреттер, бағалау парағын қолдану оқушылардың қызығушылық, танымдық белсенділігін арттырады.

Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Қорыта келгенде, оқытудың компьютерлік технологиясын және Интернет ресурстарын оқу үрдісінде кеңінен қолдану оқушылардың өз бетімен ізденісіне, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық белсенділігін дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғыза алады.

Әдебиеттер.

1. Оқушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін Қалыптастырудағы тіл дамыту жұмыстарының орны. Бастауыш мектеп. № 3 2011
2. Оқыту үрдісінің маңызы. Қазақстан мектебі № 1. 2011
3. Жексенбаева Ү.Б. «Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру» Алматы 2006.
4. Мектепалды даярлық кластарды оқытуда жаңа технология әдістерін пайдалану. Қазақстан мектебі, № 2. 2012.

Бастауыш сыныпта оқытудың жаңа технологияларын қолдану

Тиышбаева А.А. №15 ОМ.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-оқу. «Надан жұрттың күні –қараң, келешегі тұман» ,-деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды тәрбиелемесек өспейді, өнбейді. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет- оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді: Ұрпақ тәрбиесі-бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Адамзат ұрпағымен мың жасайды дегендей ұрпақ тәрбиесі қай кезде де халықтық мәселе болған.

Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Сондықтан, ұстаз-мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі- жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашылуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор.

Педагогикалық технологияның тиімділігі:

1. Оқушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;
2. Оқушының жеке қабілеті анықталады;
3. Іштей бір-бірінен қалмауға тырысып, талпынады;
4. Тапсырмалық күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады.
5. өзін-өзі тексеруге дағдыланады.
6. Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады.
7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту. Бұған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой-өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, жастарды тәрбиелеу. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше.

Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты тандап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың 40-астам түрлері бар.

Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр. Қысқаша осы технологияларға шолу жасайық.

Модульдік оқыту технологиясы

Модуль – белгілі бір жүйенің өзіндік бөлшегі (С.И.Ожегов). Модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі – тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, тұлғаның қажеттілігін қанағаттандыруға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы. Бұл технология тұлғаның даму ерекшеліктері туралы психологиялық ғылым мәліметтеріне, тұлғаның қызығушылық аясын дамытуға, тұлғаның танымдық құрылымын дамыту ерекшеліктеріне негізделген.

Ойын технологиясы

Ойын - балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менің» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін - өзі дамытуға мүмкіндік береді.

Ойын - әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Бастауыш сыныптарда ойын технологиясын пайдалану.

Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ. Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай

технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор.

Дамыта оқыту технологиясы

Дамыта оқыту технологиясы қазіргі уақытта жаңа технологиялардың бірі деп келеді. Дамыта оқытудың негізін Ян Амос Коменский өзінің 17 ғасырда «Ұлы дидактикасында» айтып талдап берген. Содан кейін орыс ғалымдары К.Д.Ушинский, Л.С.Выготский еңбектерінде қарастырылып, 1969 жылдары Ресей ғалымдары Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов көтерді. Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың зерттеулері оқушыны «субъект» ретінде тануға бағытталды.

Жалпы «дамыту», «даму» терминдеріне баланың белгілі мөлшерден шығып, саналы іс – әрекет сатыға ауысуы деп анықтама беріледі. Дамыта оқыту технологиясын көрнекті ғалымдар Л.С. Выготский, М.Я. Лернер, Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин толық зерттеп, дәлелдеген.

Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы, жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді. Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, ары қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау.

Дамыта оқыту технологиясын сабақта пайдалану – өмір талабы. Сондықтанда, сабаққа қойылатын қазіргі талаптар мұғалімнен үлкен ізденіс шеберлікті қажет етеді. Дамыта оқыту деп мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкес берілген оқытуды айтады.

Қорыта келгенде, жаңа оқыту технологиялары оқушы құзыреттілігін дамытуда аса маңызы зор.

Елбасымызның білім қызметкерлерінің бірінші құрылтайында айтылған мына бір сөзімен баяндамамды аяқтағым келеді. «Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» Н.Ә.Назарбаев.

Әдебиеттер.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарда білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
3. Философский энциклопедический словарь. – Москва, 1983. – С. 130.
4. Выготский Л.С. Педагогическая психология. Москва, 1997. – С.123.
5. Злобин Д.Ф. Основы философии. - Алматы: Ғылым, 2004. – 272 с.

Физика пәнін өткізудегі әдіс-тәсілдер

Тореева Б.У. №61 ЖББОМ.

Қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі жаңа технология екені мәлім. Әрбір технология өзіндік әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс- тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеліп, қолданылады. Тиімді пайдалыларын жетілдіре түседі. Көрнекті педагог В.А.Сухомлинский «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің түлеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады» деп айтқан. Өйткені сабақ жай ғана сабақ құнарсыз тағам секілді адам бойына жұқпайды. Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы,

әдістемелік ізденістері, қолданған әдіс тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады. Сабақ үрдісінде пайдаланып жүрген әдіс- тәсілдер оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласын, дағды мен ой- өріс, білім- біліктерінің артуымен сипатталары сөзсіз.

Осындай әдістердің бірі сөйлесім әрекеті. Физика сабағында оқушылардың білімін, сабақтағы белсенділігін арттыруда сөйлесім әрекетін дамытудың маңызы зор. Сөйлесім әрекетін дамыту арқылы мұғалім оқушыны мұқият тыңдай білуге, сыни ойлай алуға, оқығанынан түйін шығарып сауатты жаза алуына, талдап, сараптап айта алуына мүмкіндік туғызады. Физика пәнінен оқушылардың сөйлесім әрекетін дамыту, негізінен бұл тақырып тілдерге (қазақ, орыс, ағылшын тілдері пәні) сай келеді. Дегенмен осы сөйлесім әрекетін физика пәніне де пайдалануға болады деген ойдамын. Себебі физика ғылымында теориясы бар мәтінмен жұмыстанып оқылым әрекетін дамыту үшін, оқығанын ортада еркін жеткізе алу бар айтылым әрекетін арттыру үшін, оқығанын сауатты жаза алу бар жазылым әрекетін қалыптастыру үшін, мұғалімнің айтқанын, сыныптастарының айтқанын тыңдау немесе аудиотыңдалым бар тыңдалым әрекетін жетілдіру үшін. Сондықтанда физика пәнінен де оқушылардың сөйлесім әрекетін дамытуға болады. Оның қандай жолдары бар? Сөйлесім әрекеті деген не? Ең алдымен осы сауалдарға тоқталып өтелік.

Сөйлесім әрекеті дегеніміз белгілі бір хабарды, ойды, ақпаратты баяндау немесе біреуге жеткізу болып табылады. Оның төрт түрі бар: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым.

Оқылым – материалда берілген мәтіннің мазмұнын толық оқып шығу (кейде ҰБТ-де, ОЖСБ-да, PISA тапсырмаларында оқулықтағы мәтінге сай сұрақтар туындауы мүмкін). Физикалық тұрғыда оқылым-графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен физикалық шамалардың, формулалардың мағынасын түсініп оқу арқылы санасына қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптай алу.

Оқылым

1. Ой мен мидың бірлесе жұмыстануы

2. Мәтіннен туатын ойды дұрыс және толық түсіне алуы

3. Жазылған таңбалар тізбегін дұрыс ажырата алуы (мысалы, t – уақыт және температура, U – ішкі энергия және кернеу, T – температура және период, E – энергия және кернеулік,

Айтылым – адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Физикадан оқылған материалды ойына түйіп, ғылыми зерттеулерді негізге ала отырып өз сөзімен дәлелді айта алуы. Бұл әрекет сабақта түсінігін айтуда, жазған ғылыми жобаларын қорғауда қажет болады.

Жазылым – ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін қағаз бетіне жазып, сауатты жеткізе білу. Физикалық тұрғыда – мәтіннің мазмұнын толық түсіне отырып жазу арқылы пән бойынша теориялық білімнің нық қалыптасуына себбі тиеді, жаза отырып ойдан ой туады. Физика пәнінен әрбір өткен зертханалық жұмыстардың қорытындысын жазып үйренсе, пәндік олимпиадалардың II турында жасалған эксперименттік тапсырманың қорытындысын ғылыми деректерге сүйене отырып дәлелдеп жаза алады. Физикалық тақырыпта эссе жаза білуге дағдыланатын болады, бұл өз кезегінде ғылыми жобаларды жазуда септігін тигізеді.

Тыңдалым – есту арқылы түсіну. «Тыңдалмаған сөз жетім» дейді халықта физика пәніне оқушының тыңдалым әрекетін дамыту арқылы ұқыптылыққа, тез шешім қабылдай алуға тыңдалым арқылы алған білімі арқасында өзі ой қорытып жаза алуға, ойын дәлелдеп айта алуға дағдыландыруға болады. Бұл әдістің ҰБТ-де, ОЖСБ-да, білім кесімдерін өткізуде, белгілі-бір оқу орындарына түсердегі емтихандарда т.б. сынақтарда өзіндік бір көмегі болады.

Бүгінгі таңда көбіне оқушыларымыз кітап оқып жатпайды, уақытым кетеді дейді, ал осы олқылықты аудиотыңдалым арқылы жүзеге асыруға болады. Болашақта физика пәнінен ережелерді, физикалық заңдарды айтатын, формулаларды оңай есте сақтауға көмектесе алатын аудиотыңдалымдық әдістемелік материалдар көптеп шығарылса нұр үстіне нұр болар еді.

Физика пәнінен оқушылардың сөйлесім әрекетін дамытудың нәтижесінде:

- Оқушының тақырыпты толық оқиды. Оқылған тақырып бойынша ой қорыта алады;
- Сыныптастарымен ой бөліседі, тапсырма бойынша түсінгенін айта алады;
- Мұғалімді және бірін-бірі тыңдап, ұғына білуге үйренеді;
- Оқығаны, тыңдағаны, ойына түйгені бойынша жаза алады.

Он ауыз сөздің оймақтай түйініне келер болсақ, мектепте физика пәнін оқытудағы басты міндеттердің бірі оқушылардың ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Білім саласындағы көптеген ғалымдардың, соның ішінде философтардың, психологтардың пайымдауынша оқушыда ойлау мүмкіндігін сөйлесім әрекетінсіз дамыту мүмкін емес, яғни сөйлесе отырып адамда ой қалыптасады. Қазіргі кезде физика ғылымының теориясы мен оқыту әдістемесін зерттеуде оқушының сөйлесім әрекетін дамыту қажеттілігі туындап отыр. Дегенмен практика жүзінде физика пәнін оқытуда оқушының сөйлесім әрекетін дамыту үшін кедергілерде жоқ емес, оның бірі тест тапсырмалары (оқушы сөйлемей тек сұраққа берілген 5 жауаптан дәл келетін біреуін таңдау), екіншісі интернет желісі (өзіне қажеттісін кітапханаға барып, кітап оқып іздеп жатпайды, яғни оқушының толық ойлауына мүмкіндік бермеу). Бірақ бұл АКТ-ны немесе тест тапсырмаларын қолданбау керек деген сөз емес, тек бұларды пайдалана отырып, оқушыда пән бойынша сөйлесім әрекетін дамыту үшін материалды ыңғайлап беру қажет. Егер оқыту үрдісінде компьютерді, түрлі бейне көрсетілімді, таныстырылымды, оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана алса, «мұғалім – оқушы» арасындағы диалогты қалыптастыруға болады, ал өз кезегінде диалогтың (тілдесімнің) сөйлесім әрекетіндегі орны ерекше. Мұғалімнің берген сұрағын тыңдап алып, «Иә» немесе «Жоқ» деп қысқа жауап қайырмай, толық жауап беріп үйренуі, екеуара диалогтың орнауы, яғни оқушының сауатты сөйлеуі, сөз саптауы, өз ойын ортада еркін жеткізіп, сөзін дәлелдей алу дағдысы қалыптасады. Сондықтан да әр сабақта оқушылар тек тыңдап қана қоймайды, белсенді әрекеті арқылы олардың оқу, ойлау, сараптау, сөйлеу, айту, жазу, пікір алмасу, тыңдау, түсіну дағдылары қалыптасатын болады.

Әдебиеттер.

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық І деңгей НЗМ ДББҰ, 2012
2. Қазақстан мектебі. 2008 ж. №6 «Ақпараттық технологиялардың тиімділігі»
3. Қазақстан мектебі. 2006 ж. №4 «Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тетіктері»
4. Интернет желісінен алынған материалдарға сілтемелер

Мектеп жасына дейінгі балаларды театр іс-әрекеті арқылы әлеуметтік-бейімделген шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеу жолдары

Шегембаева Ж.Д. Заречный МБ

Негізгі мақсаты: Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық жеке тұлғаны тәрбиелеу және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту; Сөз өнерін қастерлей білуге, өз білімін көтеруге, шешендікке баулу. Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу; Театрлық іс-әрекетті ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

Міндеттері: Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіру. Балаларды адамгершілікке баулу, ойлаған ойын нақты жеткізе алу; Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру. Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды театр іс-әрекеті арқылы әлеуметтік-бейімделген шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеу жолдарының бірі - театрландырылған ойындар.

Театрландырылған ойындар желелі рөлдік ойындардан тек желісі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс-әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған.

Театрландырылған ойындар - ойын қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді. Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқы да жекелеген элементтерді, кейінен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі, қиялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін көз алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді.

Театрландырылған ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, және әңгімеге араласуға, көрініс туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді. Балабақшадағы театрландырылған іскерлік бес бөлімнен тұрады.

1. Театрландырылған ойын.
2. Ырғақты иілгішті (ритмопластика)
3. Сөзмәдениеті және техникасы.
4. Театр мәдениеті
5. Саханалау.

Театрландырылған ойын. Кез келген өмірлік мән жайда өз құрбыластарымен және үлкендермен қарым-қатынас жасай білуге, кез-келген жұмысқа шығармашылық қабілетпен қарауға, эстетикалық сезіммен ойнау арқылы мінез құлқын дамытады.

Бұл бөлімдегі ойын 3-ке бөлінеді: дамытушылық, әсемділік, театрлық.

Ырғақты иілгішті (ритмопластика) - бұған кіреді кешенді (комплекстік) ырғақтылық, музыкалық, иілгіштік ойындар мен жаттығулар кіреді. Дене қозғалысының нақтылығымен еркіндігін дамытуда, өзінің денесінің сыртқы қоршаған ортамен байланысқан қарым-қатынасын сезінуге балаларды эстетикалық, психологиялық қабілетін дамытады.

Сөз мәдениеті және техникасы. Ойындар мен жаттығулар сөйлеу логикасы мен дикциясын дұрыс артикуляциясын меңгере білуге, сөйлеу құрылымын еркін айтуға, тыныс алуын дамытуға бағытталған. Бұл бөлімге сөздермен айтылатын ойындар кіргізілген.

Жаттығулар 3-ке бөлінеді: тынысалу және артикуляциялық, дикциялық және интонациялық сөздер, шығармашылық ойындар.

Театр мәдениеті: Балаларға театр өнерінің шынайы сезімдерін меңгерту. Бөлімнің негізгі тақырыптары: театр өнерінің ерекшеліктері, театр өнерінің түрлері, қойылымның жасалуы, сыртқы және ішкі театр, көрермендер мәдениеттілігі.

Қойылыммен жұмыс – авторлық саханалауға негізделген. Оған кіретін тақырыптар:

1) Қойылыммен таныстыру, 2) Қойылымды мазмұндап, талдау, кейіпкерлендіру, 3) Қойылымға қажетті құралдар дайындау, 4) Көріністі безендіру, 5) Дайындық.

Саханалау. Театрландырылған ойынның 2-бөлікке бөлінеді:

- драматизация,
- режиссерлық.

Драматизациялық ойында бала – артист, интонация, мимика, пантомима арқылы өз бетімен бейне жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды. Бұрыннан жасалған сахналық қойылымда бала - ойын драматизациясында қандай бір сюжетте ойнайды. Ойын драматизациясы көрерменсіз музыкалық сипаттағы орындау болады.

Драматизацияда ойынның екі түрін қарастыруға болады.

Саусақтар ойын драматизациясы. Балалар атрибуттарды саусақтарына киеді. Ертегінің мәтінін айта отырып саусақтарын қимылдатып сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып, немесе топта еркін қозғала жүріп көрсетеді.

Қуыршақ бибабомен ойын драматизациясы. Бұл ойында саусақтарға қуыршақ бибабоны киеді. Ширмада ойнайды. Оны ескі қуыршақтардан жасауға болады.

Режиссерлық ойында балалар әрекет етуші бейне болмайды, өзі режиссер және сахна қоюшы рөлінде ойнайды, ойыншықтардың орынында болады. Мұнда бала қозғалмайтын пішіндер және ойыншықтармен әрекет етеді, сондықтан ойында интонация мен мимика ерекше орын алады.

Сәби топтарының қызығушылықтарын қалыптастыруға қуыршақ театрының қойылымын көру көмектеседі. Қуыршақ театры күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балаларды мадақтау, мақтау үшін, олармен амандасып, қоштасу үшін қолданылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды театр іс-әрекетін меңгеру арқылы, балаларды қатыстыра отырып ойын тапсырмаларын біртіндеп қиындата түсу керек. Театрландыру дағдыларын дамыту жағдайында ойнау тәжірибесін толықтыру.

Бірінші топ. «Көрермен» позициясын меңгеруге үйрену. (жақсылықпен қарайтын, аяғына дейін тыңдайтын, қолдарын соғатын, артистерге рахмет айтатын).

Екінші топ. «Артист» болуға 1-ші қадамын жасауға үйрену. (мимикасын, қозғалысын, күшін, дауыс ырғағын, сөз ырғағын) арқылы кейіпкерге ену.

Ортаңғы мен ересектер тобының балалары сахналық өнерді үйреніп, сезіне бастағанда олардың тілін, ойлау қабілеттерін өнерге құштарлығын арттады. Қандайда да сахналық қойылымның алдында балалармен бірнеше кіріспе жұмыс жүргізіледі.

1. Педагог балаларға ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіріп, ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар аударады

2. Әр кейіпкердің киіміне көңіл бөлінеді. Мазмұны бойынша кейіпкердің киімі өзгертіліп отырады.

3. Сұрақ – жауап арқылы кейіпкердің қимылын, іс-әрекетін байқап, бағалап отырады

4. Қимыл мен сөз арасындағы байланысты қадағалайды.

Дайындық топтарындағы балалардың театрландырылған ойындары қиындай түседі. Балалардың тілін жаттықтыру үшін, қазақ халқының асыл сөздерімен сусындата отырып, әрбір сахналық қойылымның алдында қазақ әндерін, қазақтың ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, санамақтар мен жұмбақтарды, түрлі ұлттық ойындарды, ән-күйлер кірістіруге болады. Сахналық өнерге баулыған балалар кейіпкердің образына иеніп рөлді ойнауға үйренеді. Соның нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттері оянады. Сонымен қатар, балалардың сөздік қоры дамиды, олардың белсенділігі артады, сабақтар мен ертеңгіліктерінде еркін қызықты түрде өтетін болады. Балалар өздерін еркін де бос ұстап, сабаққа ынталана, құштарланып қатысып отыруға мүмкіндіктер туады.

Мектеп жасына дейінгі мекемеде театр іс-әрекетінің қолдану балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде және әлеуметтік-бейімделген шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеуде тиімді нәтиже береді.

Әдебиеттер.

1. «Театр анимации» Е.Т. Русабров, 2005ж.

2. «Театр кукол» Б. Голдовский, 1999 ж.

3. «Детский театр» А. Бенуа, 2001 ж.

Ұлттық тәрбие

Изтаева Г. №21 «Кәусар бұлақ» МДГ

Бүгінгі таңда оқушы бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Ал ұлттық мәдени құндылық дегеніміз не? Ол әр ұлттың өзіне тән салт-санасы, әдет-ғұрпы, жөн-жоралғысы. Яғни ғасырлар бойы жинақталған рухани және материалдық құндылықтары. «Адамға ең әуелі білім емес тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген екен ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби. Қазір ХХІ ғасыр білім мен ғылымның заманы. Бірақ күшімізді білім мен ғылымға салып, тәрбиені соның ішінде ұлттық тәрбиені ұмытар болсақ, ұтылғанымыз. Өйткені, білімді болғанымен, ұлттық мәдениетті бойына сіңіре алмаса ол адам ұлт алдында мәңгірт, халық алдында пайдасы жоқ азаматқа айналмақ. Мәдениет демекші, тәрбиелі қауым мәдениетсіз болуы мүмкін емес. Ал білім, ғылым, мәдениет нағыз қазақы тәрбиемен арқауланса, өркениеттің шыңына даңғыл жол салынбақ. Ұлттық тәрбиенің көздері – фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге-өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие

қағидалары. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттер, ізгілік сынды сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі бағыттары болады.

«Ел боламын десең бесігіңді түзе» дейді. Сондықтан рухы асқақ, іргесі берік ел боламын десек, ең бастысы ұрпақ тәрбиесіне оның біліміне жете көңіл бөлгеніміз жөн. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М. Жұмабаев болатын. Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»

Ұлттық тәрбие кезінде ұлттық сананы қалыптастыру ең басты алғышарттардың бірі. Бүгінгі таңдағы жаһандану заманында Батыс өркениетінің барлық мәдениетін көшіріп алмай, тамырын басып, өз ұлтымызға керегін алып, керексізін ысырып тастауымыз қажет.

Батыстың экономикалық, технологиялық салада жеткен жетістіктерінен үлгі алсақ, керісінше салт-санамызда, ұлттық мінезімізде берік орын алған адамгершілік, ізгілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет сынды мінездерімізді жоғалтпауымыз қажет. Және бұл қасиеттерді кейінгі ұрпақ бойына сіңіре білуіміз керек. Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек.

Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі өскен ортаға, тәрбиеге ғана емес, үлгі-өнеге берер ұстазға, отбасындағы тәрбиеге де байланысты. Осы орайда Абай атамyzдың мына сөздері ойға оралады: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», – деген екен. Сондықтан баланың күнделікті көрген-білгені мен көңілге тоқығанына баса назар аударуымыз қажет. Өйткені, ғаламтор мен теледидардан көргенін бала тез қабылдайды. Өскелең ұрпақ жас шыбық тәрізді. Қалай бағыттасаң, солай өседі. Бүгінде электронды бұқаралық ақпарат құралдарында баланың психологиясына кері әсер ететін, қатыгездікке тәрбиелейтін өнімдер өріп жүр. Солардың алдын алмай, тәрбиені дұрыс бағыттамай өркениетті қоғамда ұлт болашағын ойлайтын тұлғаны тәрбиелеу мүмкін емес.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды». Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету – басты міндетіміз.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қалың елім, қазағым» атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін үнемі есте ұстауымызды ескерте келе, былай деп жазады: «Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті екенін сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше, біздің жұмысымыз ілгері баспайды». Демек, мектеп қабырғасында жүрген балаға елдің өткен мен кеткенін қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлестерін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Тәрбиенің түп қазығы тәрбие берер ұстазда. Демек, ұлт қамын ойлайтын азамат қалыптастыруда ұстазға да артылар жүк ауыр.

Ұлттық тәрбиенің маңыздылығын айтып түгесу мүмкін емес. Ұлттық тәрбиенің жүзеге асуы ұлтымызға ұстын, болашағымызға бағдар болары анық

Салт-дәстүр - ұлтымыздың ғана еншісіне бұйырған, тағдырымен бірге таңбаланған тәңірдің тартқан сыйы. Халқымыздың ұлылығын айқындайтын, адами болмысының өзара қарым-қатынасындағы өзгелер өңешін үзе тамсана таңырқайтын сыпайылық пен сыйластық үлгілерінің үздік ұстанымдары, қастерлеуге тұрарлық қазақи мінез-құлық тағылымдары ұлттың рухын биіктетеді, маңайын мойындатады. Кеңпейілділіктің, жомарттықтың,

конақжайлылықтың, бауырмалдықтың, жанашырлықтың, ізеттіліктің, кішіпейілділіктің, адамгершілік өлшемдерімен астасып жатқан тағы басқа да алуан түрлі тәлім аларлық жағымды қасиеттерден халқымыздың кенде емес екендігіне өзге ағайындардың бұрыннан беріп қойған бағасы, бәтуалы ой-пікірі, оң көзқарасы дәлел.

Ұлтымыздың өз ұрпағын ізгілікке, ізеттілікке, адамгершілікке, имандылыққа, ілтипаттылыққа тәрбиелеу саласындағы өзге халықтарда кездесе бермейтін даналық қасиеттеріне, дара да терең тұжырымға негізделген пәлсапалық түйіндеулеріне, кенен кемеңгерлігіне, таза талантына, ой озықтығына еріксіз тәнті боласың. Ұлттық тәрбие - ұлттық рухтың негізі, дем беруші күші екендігін естен шығармасақ ғана ісіміз ілгері басады. Біліміміз бен білігіміз бабадан бізге жеткен, ғасырлар мен тағдырдың талқысынан өткен талай заманның сынында шыңдалған, еленіп-екшелген, жасығы жоғалып асылы жеткен қазақы тәрбиемен қабыспаса, қатар дамымаса қанатсыз құстың күйін кешері күмәнсіз. Әлемде екінші Аристотель атанған Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім - қауіпті» деген екен. Ендеше, бабаның ақыл-ойын есте сақтағанның есесі кетпесі, опынып опық жемесі анық.

Өзгенің өзімізге өгей, мінез-құлқымыз бен табиғатымызға түрпідей тиетін салт-дәстүрін әкеліп орынсыз тықпалауға, тұлыптап телуге болмайды. Бұл - ұлттық тәрбиенің қаймағын бұзып, қадірін кетіретін қарекет. Есімізді алып, ескіліктің сарқыншағы деп ұлтымыздың ұлық тұтар ұстанымдарынан көрер көзге бездірген кешегі бір кезеңді бастан кешкеніміз ұмытыла қойған жоқ.

Балаларды ойын арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру

Умбетьярова А. №21 «Кәусар бұлақ» МДГ

Балабақшадағы балаға берілетін бүгінгі тәрбиенің ең өзекті алатын жері-ол ата-бабадан қалған асыл мұра. Біз яғни болашақ ұрпақ тәрбиесінің айналысатын қазақ тіл мұғалімдері халқымыздың таусылмас бай асыл мұрасына жүгінсек, ұрпағымыз біздің балабақшамыздағы жүргізіліп жатқан жұмыс бағыты балаларымызды ата-бабадан қалған салт-дәстүрге, адамгершілікке баули отырып, жаңа дәуір технологиясын табысты игеру. Алға қойған мақсатымыз ойдағыдай жүзеге асу үшін біз ең алдымен өзіміздің ана тілімізді толық меңгеруіміз қажет. Бүгінгі таңда тіл туралы көп айтылады. Ана тілін қастерлеген адам өз халқының тарихын, тұрмыс жағдайын, тыныс-тіршілігін жақсы біледі. Тіл білген адам-мәдени, рухани жан азығы мол адам. Адамның ойы оның тілінен көрінеді, ал тілдің өзі адам психологиясын байқататын құрал. Сондықтан балабақшадан бастап өз ана тілімізде сөйлеп, өз халқымыздың қадір-қасиетін, рухани құндылығымызды біліп өссек, болашақ ұрпақта өз тілін қадір тұтады. Тіпті өмірде болып жатқан жаңалықта, басқа да өзгерістер біздің сана сезімізге өз деңгейінде келіп жетіп жалғасын табады. Тіл-ұлт мәдениетінің қайнар көзі. Әр халықтың ұлттық дәстүрінің, сана сезімінің, сөйлеу, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының, атын атай білуге қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын баланың шын тіршілігі. Ойын балалар үшін айналаны танып, білу тәсілі. Келешек қайраткер азаматты тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рольді, дидактикалық құрлыс ойындары, қимылдық ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Ойын баланың тілін дамуына ықпалын тигізеді.

Тіл мәдениетінің дамуына жұмыстарын қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған ауыз әдебиеті негізінде ұйымдастыру тиімді тәсілі. Өйткені, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан халық шығармашылығы-ғажайып ертегілер мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, өнер көзі. Тіл мәдениетіне тәрбиелеуде жұмбақтар үлкен роль атқарады. Жұмбақтар баланы байқағыштыққа баулып ой қиялын ұштастыруға көп әсер етеді.

Ойыншықтар, жануарлар, тағамдар, тұрмыстық заттар туралы жұмбақтарды жасырып отырса балалардың сөздік қорын молайтады. Баланың тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту

өз ойын еркін жеткізуін қоршаған ортамен айналасындағы адамдармен еркін қарым-қатынасқа түсу сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру. Балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту ісінің бір ерекшелігі көрнекіліксіз іске аспайды. Қазақ халқының салт дәстүрі әдебиеті келер ұрпаққа берер тәрбиесі көп. Соның ішінде халық ауыз әдебиетінің маңызы ерекше. Балалар ертегі тыңдап бір-біріне жұмбақ жасырғанда жаңылтпаш айтқанда тыңдағанды ұнатады.

Халық ауыз әдебиетінде ерекше орны бар. Баланың ойының ұшқыр қиялының өткір зерек болып тілінің бай, ертегілердің тигізер әсері мол. Өз тәжірибемде оқыту іс-әректі үстінде әр түрлі көрнекі құралдарды түрлендіре пайдаланғанды жөн санаймын, өйткені олар арқылы балаларды қызықтырып, өзіне тартуда қиынға соқпайды. Ертегілерді әр түрлі суреттер арқылы түсіндіріп аламын, киіпкерлерге қысқаша мінездеме беремін. Мектепке дейінгі балаларды өз ана тілінде сөйлеуге үйрету, тәрбиемен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу түрін дамытуда сөз құрастырып сөйлеуіне сөздік қорының молайуына аса көңіл бөлген жөн. Сәбилердің дүние танымын кеңейтіп ойын өрісін тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиетінің алатын орны ерекше. Балабақшада тіл дамыту жұмыстарын көркем әдебиетпен таныстыру арқылы жүзеге асыруға болады.

Баланың тілін дамытудың негізгі көркем шығарманың мәтіні екеніне ерекше тоқталып өтетін болсақ, 3-4 жасқа дейінгі балалардың суретті кітаптарды қызыға қарайтыны мәлім. Сондықтан оларға суретті айқын кітапшаларды көрсетіп, мазмұнын айтып беру қолайлы. Бұл жастағы сәбилерге оқиғасы қызық, қорқыныш сезім тудырмайтын, халық ауыз әдебиеті нұсқауларын жатқа айтып беріп, ойната тыңдату тиімді. Мысалы «бесік жыры», «Бауырсақ», «Торғай», «Мақта қыз бен мысық», шығармаларын ұсынуға сондай ақ «Бауырсақ» ертегісін қуыршақ тиятыры арқылы өткізуге болады. Ол үшін алдын ала дайындық кезегінде рольдерді бөліп беру, әр киіпкердің дауыстарын келтіріп, еркін ойнауға машықтандыру керек. Рольдерге бөлініп ойнау арқылы бұл ертегі балалардың есінде жатталып қалады.

Ендеше ұмыт қалып бара жатқан салт-дәстүрімізді қайта жанжандыруға, қазағымыздың иманды да инабатты сыпайы алғыр батыл, зерек ұлы мен қызын тәрбиелеуде өз үлесімізді қосайық. Өйткені қазақтың халық ауыз әдебиетімен сусындаған балаларымыздың тілі ұшқыр, ойы зерек, тәрбие өнегесі көргенді болмақ.

Балаларға ағылшын тілін ойын арқылы меңгерту

Сарсенғалиева Г. Х. №27 «Айгөлек» МДҰ

«Қазіргі жас буын, бүлдіршіндер – мемлекетіміздің мығымы тірегі» - деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев атап көрсеткендей жас ұрпақтың жан-жақты даму негіздері – мектепке дейінгі мекемеден бастау алады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды, жас ұрпаққа саналы, мән мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру, бүгінгі күннің талабы.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі, ағылшын тілін меңгеруді жолға қою мақсатында ерте жастан оқыту қолға алынып отыр. Ағылшын тілі – қазақ елін әлемге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Сол себепті ағылшын тілін ерте жастан үйретудің маңызы зор. Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз. Ал басқа мемлекеттің алдында өз еліңнің дәрежесінің биік екенін мойындату үшін, жеті тілді жетік меңгеру артық етпейді.

Бүгінгі қоғам мұғалімнің біліктілік деңгейіне де, ішкі жан дүниесіне де жаңаша талап қойып отыр, қазіргі күні ХХІ ғасыр ұрпағынан үлкен үміт күтілуде. «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» - деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп шығару - екінің бірінің қолынан келе де бермейді. Ұстаз болу – жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Ұстаз болу – шәкіртке ата-анасындай болып тәрбие сыйлау. Ұстаз болу – жас ұрпақтың жарқын болашаққа барар жолын айқындап беру. Балабақшадағы басты тұлғалар - тәрбиешілер мен мұғалімдер, біздің

мақсатымыз бір ол - рухани жан дүниесі бай, жан-жақты дамыған саналы, өнегелі жеке тұлғаны қалыптастыру.

Американ ғалымы философы Дейль Карнеги «Ең бірінші адам бойындағы қажеттілікті туғыза білу керек. Ондай іс қолынан келетін адам бүкіл әлемді мойындата алады» деген екен. Бала бойындағы қажеттілікті тудыру үшін бірінші міндет шетел тілін меңгертіп үйрету керек.

Тілді меңгеру үшін үлкен ынта, зейін, талап баланың тілге деген бейімділігі, қызығушылығы керек. Бала тілді бізден сабақ барысында меңгереді. Балаларға ағылшын тілін үйретуде тек қана сөздерді қайталау арқылы үйретпей, балалардың сөйлеу дағдысын жақсартуға, көңіл күйлері көтеріңкі болуына, сабақты қызықты етіп өткізу үшін түрлі ойындар, фонетикалық жаттығулар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, өлеңдер, санамақтар түрлі тақырыптарға байланысты аудио жазбалар қолданамын және балалармен бірге ертегілер қоямыз. Ағылшын тілі сабағында ән айтудың маңызы зор. Балалар ағылшын тілі сабағында ән айтқанды ұнатады. Ән балалардың ағылшын тілінде дыбыстарды дұрыс айтуға, балалардың ойлау қабілетін дамытады, балалардың шаршағанын басады.

«Ойын бала қанының азығы» деп С.Торайғыров айтқандай, шетел тілін оқытудағы бір негізгі аспект ол - ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады.

Ойын дегеніміз – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, іздемпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, баланың көп білуге деген қызығушылығын арыттырады.

Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді. Ойынды өткізгенде қойылатын талаптар:

1. ойынды тақырыпқа сәйкес алу,
2. ойынның мақсатын нақты қою,
3. қажетті көрнекіліктерді балалардың қызығушылығына сәйкес дайындау,
4. ойын ойнар алдында балаларға жүргізілу барысын мұқият түсіндіру,
5. ойынға балалардың барлығын қатыстыру және білмеген жерінде көмек беру.

Ойын ойнау арқылы балалар өздерін көрсете алады, өзара қарым-қатынасқа түседі, жеңіске деген ұмтылыс пайда болады. Ойын баланың жас ерекшелік қасиеттерінің дамуына, ішкі жан дүниесінің жаңаруына, пәнге деген қызығушылығын оята отырып, баланың байқампаздығын жетілдіреді. Ойын технологиясының негізгі ерекшелігі – бала үн – түнсіз отырмайды. Бала жалғыз ойнап отырсада сөйлеп жүреді. Ойын барысында сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойындар баланың жеке тұлғасын қалыптастырып ынтымаққа, бірлікке баулиды. Балаға берілетін білімнің сапасын арттыру үшін, мұғалім сабақтың жоспарын жаңа заманға сай жаңаша сипатын күшейте түсу, баланың пәнге деген сүйіспеншілігін дамыту әр мұғалімнің біліміне, іздемпаздығы мен шеберлігіне байланысты. Мұғалім әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, әрбір баланың кішкентай да болса жетістіктерін бағалауымыз керек. Әрбір балаға ең маңызды мұғалімнің жылы сөзі.

Бала – ата-ана айнасы

Дүзбанова Г.С. №27 «Айгөлек» МДҰ

Баланың дүниетанымы, көзқарасы алғаш от басында қалыптасады. Жас сәби болмашы нәрсеге өкпелеп яки ренжіп қалса, «Мамама айтамын», «Папама айтамын» деп шағынатыны бар. Ата-ана аузынан шыққан сөз бала үшін заң да, шындық та болып есептелінеді. Жас шыбық иілуге қандай икемді болса, бала да жас кезінде тәрбиені қабылдауға сондай икемді болады.

Алайда әрбір баланың өзімен бірге ала келген табиғи ерекшеліктері де болады. Сондықтан да халық арасында «бір биеден ала да туады, құла да туады» деген сөз бар.

Бала тәрбиесінде үлгі-өнегенің үлкен мәні бар. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», «Айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады» деген сөз тегін айтылмаған.

Сонау заманнан бүгінге дейін өмірге келген баланы қуанышпен қарсы алып, «шілдеhana» өткізу, ат қою, тұсауын кесу, туылған күнін атап өту, т.б. әрбір от басы үшін

үлкен қуаныш. Әжесі немесе анасы тал бесікті тербете отырып, өздерінің шынайы сүйіспеншілігін, махаббатын, ақ тілегін, келешекке артар үмітін, сенімін, аманатын, сәби құлағына құюды дәстүрге айналдырған. Мысалы, «Бесік жырын» әндете отырып адамгершіліктің, қонақжайлылықтың дәнін бала бойына сеуіп отырған. Бірсыпыра үйлерде балалар, көбінесе, ата-әжелерінің қолында тәрбиеленіп, сөздік қорын тез байытуға мол мүмкіндіктері болады. Көпті көрген қариялар немерелерін имандылыққа, адамгершілікке, еңбекке тәрбиелейтін мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, ертегілер айтып, ойлау қабілеттерінің дамуына пайдалы ықпал етеді. Олар «Үлкен бастар, кіші қостар», «Үйге жүгіріп кірме», «Нанды жерге тастама», «Суға түкірме», «Тамақты жатып ішпе», «Айқайлап сөйлем», «Тізенді құшақтама», «Табаныңды тартпа», «Құстардың ұясын, құмырсқаның илеуін бұзба» деген сияқты тағылымды сөздерді жиі айтып отырады. Үй ішінде балалармен ақылдаса, пікірлесе жұмыс істегеннің тәрбиелік мәні ерекше. Мысалы малға бірге қарау, бірге қыдыру, бірге киноға барып оны талқылау, т.б. жұмыстар жалпы сыйластыққа, дүниетанымды, көзқарасты қалыптастырады. Баланың «анау не?», «мынау не?», «неге олай?» деп бәрін білмекке талпынуы - табиғи нәрсе. Міне, нақ осы кезден бастап баланың тану процесі басталады. Оларға ерінбей дұрыс жауап беру, жетелеу, , дамыту, тура жолға бағыттау- ата-ана, әулет мүшелерінің төл ісі. Тәрбие ісінің ұлы жолы да осы арадан басталады. Баланың сөйлеуінен гөрі ойлауы жылдамырақ дамиды. Сөздік қоры мол бала тез сөйлеп кетеді де, сөздік қоры аз бала ойын жеткізе алмай кібіртіктеп қалады.

Қонақсыз үй болмайды. Тегінде бала табиғаты қонақты асыға күтеді. Танитындарының бейнелерін көз алдарына келтіріп, бала-шағаларының атын атай бастайды. Ал, танымайтындарын жорамалдап елестетеді. Әйтеуір тынымсыз ой үстінде жүретіні белгілі. Осындай оймен жүрген бала-шаға қонақтарды көрмесе, әлде бір лебізін естімесе, олардың көңіл-күйі бұзылып, ренжіп өкпелейді. Балаларды қонақпен, қонақтарды балалармен таныстырғанның сәлем беру, қол алысу, қолына су құю, батасын алу, т.с.с. дағдыға үйретудің тәрбиелік мәні бар.

Отбасында баланы мейірбандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге ерекше мән берген жөн. Ол үшін өзінен үлкенді сыйлауға, «Сіз» деп сөйлеуге, кішіге қамқор болуға баулу керек. Оның негізін ойыншықтармен ойнау кезінде қалаған жөн. Ойын үстінде коллектившіл, қайырымды болуға, әрбір ойыншығын ұқыпты таза ұстауға дағдыландыру қажет. Ойыншықтарды көп сатып алып, жиі алмастыра берудің қажеті жоқ. Мұндай жағдайлар балалар талғамсыздыққа, дүниеқұмарлыққа бой ұрып, не нәрсеге болсын жауапкершіліксіз қарауға дағдыландыра бастайды. Бұның өзі кейін келе өз қалағанына ғана қол жеткізу, сәнді киімге әуестенушілік, жеңілтек мінездерімен көріну секілді жағымсыз қасиеттерге бастауы әбден мүмкін. Мүмкіндігінше ойыншықтарын өздеріне жинатып ,тіктіріп, жудырып қойдырудың да мәні зор. Сонда ол өзі пайдаланатын мүлкіне жауапкершілікпен қарайтын болады.

Бала бір ойыншықпен ұзақ, үздіксіз ойнаса, жалықтыруы да мүмкін, ондай жағдайда көп пайдаланған ойыншықтарын біршама күндерге тығып қойып, қайтадан берген жөн.

Тәрбиенің ең жемісті құралы- шындық. Күнделікті болатын үй-іші әңгімесінде және өздерінің іс-әрекеттерінде әрбір үйелмен мүшесі әділдіктің, шындықтың иесі екенін танытып отырулары керек. Балаларды тәрбиелеуде үгіт-өсиетпен емес, сендіру әдісін кең пайдаланған жөн. Сонда ғана бала ненің дұрыс, ненің бұрыс екеніне көзі жетеді, жақсысын жетілдіре түсіп, жаманынан тезірек арылуға ұмтылады.

Кейбір ата-ана балалары жат қылық көрсетіп, тыңдамай қойса, ұрып-соғатыны бар: «Баланы мейіріммен меңгере алмаған адам қаталдықпен де бағындыра алмайды» деген сөзді еске сала кеткен жөн. Ал кейбір ата-аналар баланы шектен тыс еркелетіп, ол не сұраса, соны орындап бәйек болады. Мұндай «қамқорлық» шын мәнінде де тәрбиеге қайшы келеді.

Ұлы педагог В.А.Сухомлинскийдің: «Бала- ата-анасын көрсетіп тұратын айна, жақсы адам болу анаң мен әкеңе бақыт сыйлау, ол екеуі қартайған шағын қасіретіне айналдырмауды ойлау» дегеніндей, әр семьяда баланы сәби күнінен барымызды бағалай білуге, жақсымызды өнеге тұтып, алдымызға ойлы көз жіберіп, одан сабақ алып, қорытынды шығаруға баулысақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Бала еліміздің келешегі десек, ол келешек әрқашан назарымызда тұруы керек.

«Бала-байлығымыз, ал ең асылымыз-оның тәрбиесі».

Каждый из вас хочет воспитать своего ребёнка счастливым человеком, уверенным в себе, успешно решающим жизненные проблемы, приятным в общении, богатым дружескими и деловыми связями, любимым близкими людьми, друзьями. Для этого необходимо с раннего детства терпеливо и доброжелательно обучать его правилам культурного поведения, объяснять разумность и необходимость их соблюдения, приучать радоваться своим хорошим поступкам и огорчаться из-за неправильных ошибочных. С чего следует начинать обучение ребёнка? Желательно с себя. Ребёнок - великий наблюдатель и подражатель - замечает любые мамины и папины поступки, слышит все их слова, перенимает от них суждения и манеры поведения.

Например: мама постоянно говорит Тане, как важно быть красивой и опрятной. Внушает ей: хорошо выглядеть – значит уважать окружающих людей. Собираясь на работу или в гости, мама продумывает все до мелочей – от одежды до цвета губной помады. А вот дома носит выцветший халат и стоптанные тапочки. Усвоит ли Таня мамины наставления? Поймёт ли девочка, что в общении с людьми нет мелочей и от внешнего вида человека многое зависит. Будет ли уверена девочка в том, что её мама уважает своих близких?

Ребёнку следует разъяснять правила поведения в кругу близких и самим их придерживаться. Поговорите о том, что такое семья, для чего нужны мама, папа, он сам, что ему следует сделать, чтобы семья была счастливой, почему дома желательно быть опрятным и приятным в общении, какие добрые слова следует говорить своим близким.

Используя любую возможность, чтобы сказать малышу что-то доброе, вы не только подтверждаете свои чувства, что для него важно, но и учите видеть в других людях хорошие качества.

«Какой ты добрый! Спасибо!» – Говорит мама сыну, который угостил её конфетой, полученной на полдник.

«Ты самая замечательная дочка, я по тебе соскучилась!» – шепчет другая мама.

«Ну, грязнуля, пойдём домой, опять придётся стирать твои штаны» – нервничает третья.

Короткие мгновения вечерней встречи, ну как много они могут сказать о порядках, заведённых в семьях.

Умеет ли ваш ребёнок обращаться к близким с просьбой и часто ли в его речи звучат требовательные нотки? Убедить ребёнка, что просьбу приятнее выполнять, чем требования. «Волшебные» слова, словно ключик Буратино, открывает людские сердца. На них всегда хочется откликнуться и помочь. Но важно не только слова, но и тон, с каким они произносятся и улыбка располагающая к себе.

Нередко от детей мы требуем серьезности, чтобы «меньше улыбались и больше думали». Дети много улыбаются, испытывая счастье от сознания того, что они живут, рядом есть мама и папа, все их любят. Пусть ваш ребёнок копит положительные эмоции, видит в окружающих хорошее. Тот, кто в детстве получил заряд доброты, радости и энергии, справится с любимыми трудностями, решит самые сложные жизненные задачи.

Большую роль в создании счастливой семьи играют подарки и сюрпризы, которые желательно дарить не только в праздник или ко дню рождения, но и в самый обычный день. Подскажите ребёнку, что он может подарить близким.

Например: папа Серёжи во время прогулки купили букетик цветов для бабушки. После обеда Серёжа с папиной помощью вымыл посуду, чтобы мама могла отдохнуть. А вечером, когда пили чай, мальчик угостил всех членов семьи подаренной ему шоколадкой.

Как вы думаете, кто помог ребёнку доставить близким радость и нужно ли ему это? Не забывайте и сами радовать детей: подарить карандаш или блокнот, сыграть с детьми в их любимые игры, угостить мороженым или яблоком. Маленькие знаки внимания убеждают во взаимной любви. Никогда не стоит забывать, как много родители значат для ребёнка.

Будьте осторожны в высказываниях, давая оценку детским поступкам. Говоря ребёнку «ты плохой», мы учим его негативно оценивать нас, взрослых.

Не «ты плохой», а «Ты сейчас поступишь плохо», не «вечно у тебя грязные руки», а «они сейчас грязные у тебя». Тогда у ребёнка появится уверенность: близкие люди считают его хорошим человеком, способным самостоятельно исправить свой недостаток. Наряду с уверенностью, что его всегда любят, чтобы не произошло, внушайте чувство ответственности за свои поступки.

Таня, не желая делиться с братом, спряталась под кроватью и съела яблоко. Можно на неё накричать, чтобы в другой раз неповадно было, но это только озлобит девочку против брата и родителей. Поступить иначе: угостите сына чем-то вкусным и постарайтесь сделать так, чтобы он поделился с сестрой. Похвалите его. Воспитывайте на положительных эмоциях.

Обучая ребёнка правильному и доброжелательному отношению к людям, желательно, чтобы родители обсуждали с ним свои отношения: почему они любят друг друга, почему Заботиться о детях, а дети – о родителях.

Поссорившись с ребёнком, помогите ему выйти из ситуации ссоры: обсудите вместе, почему вы считаете его поступок неправильным, выясните, что заставило его так поступить. Помогая осознать свои поступки, вы научите ребёнка налаживать мир с взрослыми: искренне произнесите слова извинения, сделать что-нибудь приятное для того кого он обидел.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту

Нәрен А.М. №27 «Айгөлек» МДҰ

XXI- ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан- жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне тәрбиешілердің маңызы зор. Балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Ойын мазмұны мен түріне қарай: мазмұнды-бейнелі, қимыл-қозғалыс, дидактикалық, құрылыс, кейіптендіру ойындары болып бөлінеді.

Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.

Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Сондықтан да ойын – балалардың дүние тану жолы, олар ойынмен өмір сүріп бәрін өзгерте алады. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз – барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырап балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға әрі оларды ойната отырып ойлануға

бағыттады, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы, «Дәл осындай тауып ал», «Салыстыр да атын ата», «Қай ағаштың жапырағы?», «Бірдей ойыншықты тап».

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау деген сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма –жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп , ақыл – ойы өсіп жетіледі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді.

Балалар саусағын ойната отырып тілін дамыту.

Саусақ ойыны – бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.Саусақ ойыны саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең- тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады.

Саусақ ойынын ойнай отырып балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан – жануарларды, құстар және ағаштарды бейнелей алады.

Саусақ ойынын балабақшада жуне үй жағдайына әсерлі,көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі,әр қимылы көрсетіледі.Мысалы: «Саусақтар сәлемдеседі».Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың шымен кезекпен түйіседі.

«Адамдар келеді».Оң қолдың сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын жүгірген тәрізді етіп қимылдатады.Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «Қуырмаш» ойын да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған. Балалар осындай саусақ ойынын отырып өлең шумағын қазаға айтады.

Мысалы: «Моншақ».

Қызыл сары,көк моншақ,

Мен жасаймын көп моншақ.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағы мен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып моншақ тәрізді бейнелейді әрі оларды тізбектеп жасау-балалар үшін өте қызықты әрекет,қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді.Сонымен саусақ ойындарын жүргізу арқылы балалардың саусақтарының нәзік қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды болады және кейін жазу шеберлігін ойдағыдай меңгеруге дайындайды. Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзімен – өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тиегін өзі салу, өзі ағыту, бауын байлау т.б. ал ересек топтағы балалар үшін ұсақ моториканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар мектепке дайындықтың, яғни жазу, сызуға үйренудің маңыздысы болып саналады.

Мен өз тәжірибиемде мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту үшін келесі ойын түрлерін қолданамын:

Дидактикалық ойындар-балаларға белгілі бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны, сөздік қорларын дамыту мақсатын көздейтін іс-әрекет.

Дидактикалық ойындардың өзіне тән ерекшеліктері бар.Бір жағынан- ойында ойындық әрекет негізге алынған,оның көмегімен жеке тұлғанын белгілі бір сапалары: зейін, байқағыштық, ес, ойлау, тілдік қоры, ізденімпаздық, белсенділік қалыптасады.Екінші жағынан- ойын сабақта үйрену, өткенді қайталау, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, тілдерін дамыту, білімді іс жүзінде пайдалану міндеттерін шешуді көздейді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындарды дұрыс қолдану үшін тәрбиешіге ойындардың мазмұны мен өткізілу әдістемесін жете білу, әрбір тақырыпқа байланысты оқу жылының басында оқу жоспарына енгізу, ойын арқылы баланың тілінің дамуына әсер етіп, даму басына үнемі зерттеу жүргізу талаптары қойылады.

Қоғам дамуына байланысты ойынның жаңа түрі-рөлдік ойын пайда болды. Бұл ойын арқылы балалар өздерінің негізгі әлеуметтік қажеттілігін- үлкендермен бірге өмір сүруге ұмтылысын қанағаттандырады, өйткені бұл қажеттілік олардың еңбегіне қатысудың негізінде қанағаттандырылуы мүмкін емес. Өзімен-өзі жүрген балалар өзара бірігіп, қоғамдасып, үлкендердің әлеуметтік қатынасы мен еңбек іс-әрекеттерінің негізгі белгілерін қайталайтын ойын ұйымдастырып, өздері үлкендердің рөлін орындауды алады.

Қорыта келе айтқанда, ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан - жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл - қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады.

Әдебиеттер.

1. Жас ерекшеліктеп педагогикасы. Қ.Р.Б.және ғылым министірлігі С.А. Мусаева, Т.Б. Бегалиев «Фолиант» баспасы Астана-2012
2. Мектепалды даярлық №2 2011
3. Қ.Р.Б.және ғылым министірлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы «Ойнайық та, ойлайық»

Положительный психологический климат в коллективе

Шаймерденова Г.М. ДО №27 «Айголек»

Главная отличительная особенность педагогического коллектива состоит в специфике профессиональной деятельности, а именно – в обучении и воспитании подрастающего поколения. Эффективность профессиональной деятельности педагогического коллектива определяется уровнем педагогической культуры его членов, характером межличностных отношений, и пониманием коллективной и индивидуальной ответственности, степенью организованности, сотрудничества. Одним из важнейших факторов является коллективная ответственность за результат деятельности. Реализация перечисленных особенностей напрямую зависит от положительного психологического климата внутри коллектива.

Психологический климат – эмоциональная окраска психологического взаимодействия членов коллектива, схождение в единое русло их характеров, интересов и склонностей. Социальные факторы, предложенные учеными - исследователями и являющиеся благоприятным для коллектива, мы систематизировали следующим образом:

- стиль управления педагогическим коллективом;
- особенность организуемой деятельности;
- целенаправленность, потребность педагогов в организованности, ценностные ориентации, средства взаимодействия и пути их реализации;
- мотивированность, активность членов педагогического коллектива к труду, познанию взаимоотношений;
- эмоциональный настрой, умение членов педагогического коллектива вступать в реальные взаимоотношения и показывать свое настроение;
- стабильность, умение членов подколлектива противостоять внезапно возникающим сложностям с помощью объединения эмоционально – волевых усилий;
- интегрированность, реализация деятельности через организованность и учет мнения большинства;

Важную роль в формировании психологического климата педагогического коллектива играет стиль руководства.

Демократический стиль управления способствует установлению доверительных отношений между педагогическим коллективом и руководством, творческой реализации их совместной деятельности. Такой стиль взаимодействия является особо необходимым средством для педколлектива, работающего в системе деятельностного типа обучения. Данный фактор тесно взаимосвязан со вторым фактором, характеризующим особенность деятельности педагогического коллектива. Направленность педагогической деятельности на определенный объект на основе деятельностного метода обучения и новизна создают возможность для совместной работы высокой поисковой активностью.

Фактор целенаправленности – проявления организованности в достижении высокого уровня общей цели педагогической деятельности. Для этого в дошкольной организации созданы специальные группы;

- исследовательской работы по определенной теме;
- по наставничеству, деятельность которой направлена на адаптацию молодых специалистов в пед. коллективе, формирование правильного отношения к своей профессии, совершенствование профессионального мастерства;
- оказывающие помощь педагогам, принимающим участие в конференциях, конкурсах, семинарах, группах поддержки.

Мотивирующий фактор – Адекватная оценка деятельности педагога, оказание моральной, психологической и методической помощи в достижении ими намеченных целей через преодоление определенных этапов в работе требует особой компетентности руководства.

Соответственно в работе с педколлективом должны учитываться принципы:

1. Руководство нормативной основой сферы образования
2. Поддержка достижений способных и одаренных педагогов;
3. Создание возможностей для совершенствования профессионального потенциала педагогов;
4. Оценка (словесная, коллективная) и подведение результатов педагогической деятельности.

Указанные условия способствуют повышению уверенности педагогов в себе, справедливому завоеванию определенного статуса в пед коллективе, адекватному формированию ценностных ориентаций.

При принятии решений, касающихся педагогического процесса в нашей ДО учитывается мнение большинства. В процессе обмена мнениями принимаются необходимые решения на педагогических советах, оперативных совещаниях при заведующем, на заседаниях методических объединений и творческих групп. Что в свою очередь создает условия для осуществления педагогами своей профессиональной деятельности свободно, согласно разработанным планам. Любая деятельность педагогов в ДО отражает степень организованности коллектива.

Таким образом, с научной точки зрения психологический климат пед коллектива характеризуется тремя направлениями:

1. социальное – умение членов коллектива понять и принять общие цели и задачи;
2. нравственное – способность членов коллектива выдвигать на передний план нравственные ценности;
3. психологическое – доверительные отношения между педагогами, справедливая адекватная оценка.

Педагогическим коллективом нашей ДО реализуются следующие принципы:

4. доверие членов педагогического коллектива, умение предъявлять требования;
5. уважительная и деловая критика;
6. свободное изложение своего мнения при обсуждении общих для педагогического коллектива вопросов;
7. отсутствие давления на сотрудников со стороны руководства, учет права руководства принимать решения, которые являются важными для коллектива;
8. осведомленность членов коллектива о своих обязанностях;
9. эмоциональная поддержка;
10. умение принимать любую ответственность в интересах коллектива

Здоровый психологический климат в коллективе дает возможность для реализации целей и задач ДО в соответствии с требованиями предъявляемыми государством, и соответственно отражается на уровне успеваемости выпускников. Анализ успеваемости выпускников ДО в школе, показывает высокий уровень – 82% за последние 4 года.

Счастье – это когда тебя понимают

Бойченко Г.В. ДО №19 «Булак»

Общение и отношение с людьми является одной из основ человеческой жизни. По словам С.Л.Рубинштейна, сердце человека всё соткано из его отношений к другим людям; с ним связано главное содержание психической, внутренней жизни человека. Именно эти отношения рождают наиболее сильные переживания и поступки.

Отношение к другому человеку является центром духовно-нравственного становления личности и во многом определяют нравственную ценность человека. Отношения с другими людьми зарождаются и развиваются в детском возрасте. И этот опыт первых отношений является фундаментом для дальнейшего развития личности ребенка и определяет особенности самосознания человека, его отношение к миру, его поведение и самочувствие среди людей.

Тема зарождения и становления межличностных отношений чрезвычайно актуальна. Из-за наблюдаемых в последнее время среди молодежи жестокости, повышенной агрессивности, имеющих свои истоки в раннем и дошкольном детстве. Для ребенка взрослые являются образцом во всем. Дети учатся речевому общению, наблюдая за старшими, слушая и подражая им.

У младшего дошкольника, в отличие от старших, мышление более конкретное. Он хорошо усваивает то, что представлено наглядно, все хочет познавать на собственном опыте. Его особенно привлекают те действия, которые взрослые пытаются скрыть от него. Запоминает малыш не все, а только то, что его поразило. Дети постоянно изучают то, что наблюдают, и понимают гораздо больше, чем могут сказать. Они всегда стараются подражать взрослым, что порой опасно. Не умея отличать плохое от хорошего, они стремятся делать то, что взрослые запрещают им, но позволяют себе. В связи с этим в присутствии детей нужно воздерживаться от таких действий и поступков, которые не могут послужить для них хорошим примером.

Речь детей лучше развивается в атмосфере любви, спокойствия, когда взрослые внимательно слушают их, общаются с детьми, читают им сказки и обсуждают прочитанное. Родителям следует уделять своим детям больше времени, так как в раннем детстве влияние семьи на речевое и когнитивное развитие (когнитивные, т.е. познавательные навыки, которыми ребенок овладевает в дошкольном возрасте, в дальнейшем определяют его способность к чтению, письму, счету, а также абстрактному и логическому мышлению) и приобщение ребенка к жизни общества – являются решающими. Именно в эти годы закладываются основы уверенности в себе и успешного общения вне дома, что способствует дальнейшему продвижению ребенка в школе, в компании сверстников.

Процесс развития личности – это этап развития отношений между ребенком и взрослым. Педагоги, родители, бабушки и дедушки, старшие сестры и братья должны лучше понимать ребенка и стараться удовлетворять его важные потребности. Если ребенок не ощущает чуткости и любви со стороны окружающих, то у него возникает недоверчивое отношение к миру, а возможно и ощущение страха, которые могут сохраниться на всю жизнь.

В процессе развития коммуникативных навыков ребенка, большое внимание необходимо уделять формированию личностных качеств малыша, его чувствам, эмоциям. Когда люди счастливы и находятся в мире с самими собой, они переносят эти чувства на взаимоотношения с окружающими. В дошкольном возрасте малыш лишь нащупывает способы отношений с окружающими, у него вырабатывается устойчивый личностный стиль и появляется представление о самом себе.

Самые важные учителя для детей – родители. Родительский дом – это первая школа для ребенка. Семья оказывает огромное влияние на то, что малыш будет считать важным в жизни,

на формирование его системы ценностей. Сколько бы человек не прожил, он время от времени обращается к опыту из детства, к жизни в семье: «чему меня учили отец и мать».

Каждый человек должен уметь слушать другого человека, воспринимать и стремиться его понять. От того, как человек чувствует другого, может повлиять на него, не оскорбив и не вызвав агрессии, зависит его будущий успех, а межличностном общении. Очень немногие среди нас могут и умеют по-настоящему хорошо слушать других людей, быть восприимчивыми к нюансам в их поведении. Но большое значение имеет и способность слушать и понимать и самого себя, то есть осознавать свои чувства и действия в различные моменты общения с другими людьми. И всему этому детям нужно учиться. Умение не приходит к человеку само собой, оно приобретается ценой усилий, затраченных на обучение.

«Счастье – это когда тебя понимают», а это понимание не приходит само собой, ему нужно учиться. «Научись любить и понимать людей, и рядом с тобой всегда будут друзья».

Воспитание у детей любви к родному краю

